Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік универсиеті

Исмагулова А.Е., Мукажанова Г.Ж., Ахметова Г.С.

Агылшын тілінің практикалық грамматикасы

Оқу-әдістемелік құрал

КБЖ 81.432.1-2 ЭОЖ 800.899.3 (5К)

Оқу-әдістемелік құрал 5В011900 «Шет тілі: екі шет тілі» және 5В020700 «Аударма ісі» мамандығы бойынша бакалавриат бағдарламасы үшін Ш.Уәлиханов атындағы КМУ-нің оқуәдістемелік кеңесінің (хаттама № 4, 19.02.2016 ж.) шешімімен баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, Д.С.Рыспаева филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.М.Каракулова

Исмагулова А.Е., Мукажанова Г.Ж., Ахметова Г.С.

«Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралы / Исмагулова А.Е., Мукажанова Г.Ж., Ахметова Г.С. – Көкшетау, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы КМУ баспасы, 2016 - 106 б.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құрал колледждер мен жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері мен магистранттарына арналып құрастырылып, негізгі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, студенттерге ағылшын тілінің грамматикасын үйрету, ағылшын тіліндегі грамматикалық ережелерді ескере отырып, грамматикалық айтылымдар мен құрылымдарды сауатты пайдалануға машақтандыру мақсатымен құрастырылды.

Бұл оқу құралында әр грамматикалық тақырып бойынша теориялық материал және оны бекітуге арналған жаттығулар мен тестілік тапсырмалар берілген. Оқулықта берілген ағылшын және қазақ тілдеріндегі жаттығулар қос тілдің грамматикалық ерекшеліктерін ескеріп, теориялық білімдерін практикалық дағдыларын ұштастыруға көмектеседі.

Аталмыш оқу құралы ағылшын тілінде берілген ережелерден басқа көптеген әр түрлі тілдік дағдыларды дамытатын, грамматикалық тақырыптарды бекітуге арналған әр түрлі тапсырмаларды қамтитын және аударма (қазақ тілінен ағылшын тіліне және ағылшын тілінен қазақ тіліне) жаттығуларынан тұрады.

«Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы» атты оқу құралында грамматикалық, ережелер мен құрылымдарды сауатты қолданып, студенттерге қазақ тілінің негізінде шетел тілін үйрету, олардың өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс, еркін баяндай білуге дағдыландыру сияқты іскерлік дағдыларын қалыптастыруға және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға ықпалын тигізеді.

КБЖ 81.432.1-2 ЭОЖ 800.899.3 (5Қ)

Мазмұны

| Кіріспе | 4 |
|--|-----|
| 1-сабақ. То be және to have етістіктері | 5 |
| 2-сабақ. Сөйлем түрлері | 7 |
| 3-сабақ. Зат есімнің көпше түрі | 9 |
| 4-сабақ. Зат есімнің септелуі | 12 |
| 5-сабақ. Артикльдер | 14 |
| 6-сабақ. There is (are) құрылымы | 18 |
| 7-сабақ. Сұрақ түрлері | 19 |
| 8-сабақ. Есімдік | 20 |
| 9-сабақ. Сан есім | 25 |
| 10-сабақ. Модаль етістіктері | 27 |
| 11-сабақ. Есімше | 31 |
| 12-сабақ. Шақтар. Simple (Indefinite) тобындағы шақтар | 33 |
| 13-сабақ. Continuous тобындағы шақтар | 38 |
| 14-сабақ. Perfect тобындағы шақтар | 42 |
| 15-сабақ. Perfect Continuous тобындағы шақтар | 46 |
| 16-сабақ. Сын есімнің шырайлары | 49 |
| 17-сабақ. Үстеу | 51 |
| 18-сабақ. Етіс | 53 |
| 19-сабақ. Шақтардың қиылысуы | 56 |
| 20-сабақ. Төлеу сөз | 59 |
| 21-сабақ. Шартты сөйлемдер | 63 |
| Бекітуге арналған жаттығулар | 66 |
| Әдебиеттер | 105 |

Кіріспе

Ағылшын тілін шетел тілі ретінде жете меңгеру үшін «Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы» атты оқу құралын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Аталмыш оқу құралы ағылшын тілін оқытушысының жетекшілігімен оқитын адамдар мен колледждер мен жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері мен магистранттарына арналып құрастырылған. Бұл оқу құралын грамматикалық дағдыларды қалыптастыруды көздейтін тілдік курстарда, тілдік және тілдік емес жоғары оқу орындарында пайдалануға болады.

Оқу құралының басты мақсаты — студенттерге ағылшын тілінің грамматикасын үйрету, ағылшын тіліндегі грамматикалық ережелерді ескере отырып, грамматикалық айтылымдар мен құрылымдарды сауатты пайдалануға машақтандыру болып табылады.

Бұл оқу құралында әр грамматикалық тақырып бойынша теориялық материал және оны бекітуге арналған жаттығулар мен тестілік тапсырмалар берілген. Оқулықта берілген ағылшын және қазақ тілдеріндегі жаттығулар қос тілдің грамматикалық ерекшеліктерін ескеріп, теориялық білімдерін практикалық дағдыларын ұштастыруға көмектеседі.

Бұл оқу құралы ағылшын тілінің грамматикасының келесідей негізгі тақырыптар мен грамматикалық жаттығуларды қамтиды: артикль, зат есім, белгісіз есімдіктер some, any, no және олардың баламалары, сын есімнің шырайлары, шылаулар, to be етістігі, етістіктің шақ формалары, етіс категориясы, етістіктің жақсыз формалары, шақтардың қиысуы мен төлеу сөз, шартты сөйлемдер, шартты райдың қолданылуы және модаль етістіктер.

Аталмыш оқу құралы ағылшын тілінде берілген ережелерден басқа көптеген әр түрлі тілдік дағдыларды дамытатын, грамматикалық тақырыптарды бекітуге арналған әр түрлі тапсырмаларды қамтитын және аударма (қазақ тілінен ағылшын тіліне және ағылшын тілінен қазақ тіліне) жаттығуларынан тұрады.

«Ағылшын тілінің практикалық грамматикасы» атты оқу құралында грамматикалық, ережелер мен құрылымдарды сауатты қолданып, студенттерге қазақ тілінің негізінде шетел тілін үйрету, олардың өз ойын ауызша және жазбаша дұрыс, еркін баяндай білуге дағдыландыру сияқты іскерлік дағдыларын қалыптастыруға және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытуға ықпалын тигізеді.

Грамматикалық анықтама Кіріспе түзету фонетикалық курсы 1-сабақ.

To be «болу» етістігі

Формасының құрылуы

| Жекеше түрі | Көпше түрі |
|-------------------|--------------------|
| 1- ші жақ I am | 1- ші жақ we are |
| 2- ші жақ you are | 2- ші жақ you are |
| he is | |
| 3- ші жақ she is | 3- ші жақ they are |
| it is | |
| | |

To be етістігінің қолданылуы

Болымды сөйлемде **to be** етістігі жеке түрінде бастауыштан кейін койылады:

Berik is in Astana.

They are busy.

Болымсыз сөйлемде to be етістігінен кейін болымсыз демеулік шылауы **not** қолданылады. Ол ауыз екі сөйлеуде әдетте алдында тұрған етістікпен қосылып қысқартылған түріне айналады.

Berik is **not** (isn't) in Astana. They are **not** (aren't) busy.

Сұраулы сөйлемде to be етістігінің жеке формасы сөйлемнің алдында болады.

Is Nurlan in Astana? Isn't Alma clever? Are they busy? Aren't they friendly? Am I lucky? Aren't I lucky?

Етістіктің жеке формасынан басталатын және **ия** немесе **жоқ** деген жауап қажет ететін сұраулы сөйлемдер жалпы сұрақтар деп аталады (General Questions).

Жалпы сұрақтарға қысқа немесе толық жауап беруге болады. Әдетте қысқа жауабы қолданылады. Ол **yes** немесе **no** сөздерінен басталады. Оның соңынан бастауыш пен етістіктің жеке формасы қойылады. Бастауышты сәйкес есімдікпен көрсетеді.

Is Nick busy? – Yes, he is.

Is it a cat? - Yes, it is.

Is Kitty in? – No, she isn't (she is not).


Is it a desk? - No, it isn't (it is not).

Aren't they friendly? – Yes, they are. No, they are not.

Жеке есімдктер және **to be** етістігінің формалары қолданылатын жауаптардан басқа тек қана **yes** немесе **no** сөздерінен тұратын жауаптар болуы мүмкүн.

Is it a pen? – Yes. Is it a bed? – No.

To have етістігінің осы шақта жіктелуі



Болымсыз сөйлемде **have** етістігінен кейін **not** (**n't**) демеулігі қолданылады: I **haven't** a pen. Бірақ, әдетте **have** етістігінен кейін **not** (**n't**) демеулігі емес зат есімнен болған толықтауышқа тура бағытталған болымсыз **no** есімдігі қолданылады: She has **no** English books.

То have етістігінің сұраулы және болымсыз формалары **to do** көмекші етістігі арқылы жасалады:

Do you have a tape-recorder? - No, I don't

Мынадай тұрақты сөз тіркестерінде: **to have lunch** әрқашан **do** көмекші етістігі қолданылады:

Do you have lunch at home? – No, I **don't**

To have eтістігінің «бар болу, болу» мағынасында ауызекі сөйлеудегі баламасы have got (has got) тіркесі:

I have got an interesting book. - Менде қызықты кітап бар.

Haveyougota fountain-pen? - Сізде авторучка бар ма?

He hasn't got English books. - Онда ағылшын тілі кітаптары жоқ.

Have got етістігі осы шақтың шектеулі уақытында заттың қолда болуына байланысты қолданылады:

Have you **got** «Pravda»? – We **hav**e it, but it is sold out.

Е с к е р т у. 1. **Have got (has got)** тіркесі әдетте қысқаша формада былай беріледі: I'**ve got** a black pencil. She'**s got** a blue dress.

2. **Have got** (**has got**) тіркесімен «болу», «бар болу» мағынасында әдетте **no** болымсыз есімдігі емес, **not** (**n**'t) болымсыз демеулігі қолданылады:

I haven't got a black pencil.

2-сабақ. Сөйлем түрлері. Бұйрықты сөйлемдер (Imperative sentences)

Бұйрық сөйлемдерде бұйрық, тиым немесе іс әрекет жасауға өтініш білдіретін іс әрекетке түрткі бұйрық райындағы етістікпен көрсетіледі. Ағылшын тілінде бұйрық райындағы етістіктің формасы инфинитивтің демеулік шылауы **to** сыз қолданылғанформасымен сәйкес келеді:

Read, please! Be quick!

Бұйрық райының болымсыз түрі көмекші етістік **do** және болымсыз демеулік шылауы **not** пен жасалады. Ауызекі сөйлеуде **do not** қосылып қысқартылған формасын (don't) жасауы мүмкін:

Don't read! (Do not read!)

Don't be late! (Do not be late!)

Екінші немесе үшінші жаққа айтып тұрған адаммен бірге жасалынатын іс әрекетке берілген бұйрық, өтініш, т.б. білдіру үшін **to let** етістігімен негізгі етістіктің инфинитиві қолданылады. Олардың арасында объектік септіктегі бірінші немесі үшінші жақтағы есімдік қолданылады.

Let him take this book. Ол мына кітапты алсыншы.

Don't let him take that book. Ана кітапты алуға рұқсат бермеңізші.

Let us sit here. Осында отырайықшы.

Let us not sit here (Let's not sit here) Мына жерде отырмайықшы.

Сыпайы өтініш (Polite Request) **will** етістігі және негізгі етістіктің инфинитиві арқылы жасалуы мүмкін:

Will you read this sentence, please? Мына сөйлемді оқыңызшы!

Лепті сөйлемдер (Exclamatory Sentences)

Ағылшын тілінде лепті сөйлемнің бірнеше құрылымды түрлері бар:

- 1) Ол what есімдігінен немесе how үстеуінен басталуы мүмкін. What есімдігі зат есім алдында қоладанылады және егер зат есім саналатын және жекеше түрде тұрса, онда what есімдігінен соң белгісіз артикль қойылады; how сын есім не үстеу алдында қолданылады:
- a) What a wonderful day it is!

What wonderful weather we are having!

6) How interesting it is!

How beautifully she sings!

Осы типтес лепті сөйлемдерде әрқашан тура орын тәртібі сақталады.

2) Лепті сөйлемдер **such** есімдігі және **so** үстеуі көмегімен де құрылады. **Such** есімдігі зат есім алдында жүреді (бұл жағдайда жекеше түрдегі саналатын зат есім әрқашан белгісіз артикльмен қолданылады). So үстеуі сын есім және үстеу алдында қолданылады. Барлық жағдайларда тура орын тәртібі сақталынады:

He is such a clever boy!

It is **such** wonderful weather!

He is **so** clever!

He sings so well!

Жақсыз сөйлемдер (Impersonal Sentences)

Орыс тіліне қарағанда ағылшын тілінде жақсыз сөйлемдер екі құрамды болып келеді. Бастауыштың орнын жақсыз есімдік **it** (the impersonal **it**) басады. Жақсыз сөйлем мынадай мәлімет қамтиды:

Ауа-райы жағдайы мен табиғат құбылыстары жайлы:

It's warm today. It's winter. It's foggy.

Уақыт пен қащықтық жайлы:

It's ten o'clock. It is 600 km to Moskow from here.

It's late. It's not late.

It's time to go.

Сана мен жан жағдайы: It is difficult to believe.

Болымды сөйлемдегі орын тәртібі.

Қазіргі ағылшын тіліндегі хабарлы сөйлемдерге баяндауыш алдында бастауыш келетін тура орын тәртібі тән.

His house is not far from mine.

Алайда кей жағдайларда кері орын тәртібі де мүмкін, яғни, бастауыш алдындағы баяндауыш. Әдетте мұндай орын тәртібі бірінші орында мекен устеуі тұрғанда, ал баяндауыш to be етістігімен болғанда кездеседі. On the left is the kitchen.

Тура толықтауыш әдетте тікелей баяндауыштан соң келеді, алайда жанама толықтауыш бар кезде тура толықтауыш одан кейін жүреді. Жанама толықтауыш to give, to show, to send сияқты етістіктерден соң қолданылып, әрекетті хабарлаушы адамды білдіреді:

Tell **me** the way to the station, please.

Give **me** another book by this author, please.

Егер тура толықтауыш тікелей баяндауыштан соң келсе, жанама толықтауыш предгогты болады (**to** немесе **for** предлогтарымен):

Show the books to my sister.

Send them(the books) to your father.

Ескерту: 1. Егер тура толықтауыш есімдік арқылы келсе, онда ол әдетте тікелей баяндауыштан соң жүреді:

Buy them (the new toys) for your children.

2. Егер тура толықтауыш ретінде іt есімдігі келсе, онда есімдікпен білдірілген жанама толықтауыш тура толықтауыштан соң предлогсыз қолданыла алады: Give it me! (немесеGive it to me!)

3-сабақ. Зат есімнің көпше түрі (Plural of Nouns)

Ағылшын тілінде зат есімдер саналатын және саналмайтындарға бөлінеді. Саналатын зат есімдер жекеше немесе көпше түрлерінде бола алады.

Саналатын зат есімдердің көбісінің көпше түрі жекеше түріндегі зат есімге - - зжалғауын қосып жасалынады. Ол ұяң дауыссыз дыбыстардан кейін [z] болып оқылады, ал қатаң дауыссыз дыбыстардан кейін [s] деп оқылады.

bag - bags toy - toys cat - cats

S, ss, x, ch, shәріптерінен тұратын ызың дыбысқабітетін зат есімдерінде көпше түрінде –еѕжалғауѕ қосылып [iz] деп оқылады.

Class – classes[kla:siz] Box – boxes[boksiz]

Жекеше түрінде –f ке бітетін зат есімдерде көпше түрінде f әрпіі v әрібінеөзгеріп [z] деп оқылатын –es жалғауы қосылады.

Leaf – leaves [li:vz] wolf – wolves [wulvz]

Жазылуында – fere бiтетiн зат есiмдерiнде көпше түрiнде fəрпi v әрiбiне өзгерiп – s жалғауын қосып алады.

Knife – knives [naivz]

Бірақ кейбір fжәне –fe ге бітетін зат есімдер және –ff ге бітетін барлық зат есімдер көпше түрін –s жалғауын қосып жасайды.

Cliff – cliffs chief – chiefs Handkerchief – handkerchiefs safe – safes

Roof – roofs

Кейбір осындай зат есімдерінде екі көпше түрі болуы мүмкін:

Scarf – scarfs scarves

Wharf – wharfs wharves

Hoof - hooves

Орфографиясында **-у** дауыстысына аяқталатын зат есімдер көпше формасында **-еs** жалғауына ие болады, ал **у** әрпі **-і-** әрібімен ауыстырылады.

Family – families lady – ladies

['fæmili] ['fæmiliz] ['leidi] ['leidiz]

Ескерту! Бұл ережеде **+у** дауыстысына аяқталатын жалқы есімдер ерекше болып саналады, себебі олардың көпше формасы зат есімнің жекеше формасына еш өзгеріссіз жалғанатын **–s [z]** жалғауының көмегімен құрылады:

Mary – Marys ['məriz]

-о жалғауына аяқталатын зат есімдерге көпше формасын жасағанда —es [z]жалғауы жалғанады:

Hero – heroes potato – potatoes

['hiərou] ['hiərouz] [pə'teitou] [pə'teitouz]

Ережеден тыс:

Photo – photos piano – pianos

['foutou] ['foutouz] ['pjænouz]

Radio – radios

['reidiou] ['reidiouz]

- 2. Ағылшын тілінде кейбір зат есімдер көпше формасын басқа әдістер арқылы құрылады:
- а) түбірдегі дауысты дыбыстардың өзгеруі арқылы:

man – men woman – women ['wimin]

foot – feet goose – geese tooth – teeth goose – mice

- б) **–еп** жалғауының көмегі арқылы: ох охеп
- в) түбірдегі дауысты дыбыстардың өзгеруі және **-еп**жалғауының жалғануы арқылы: child children
- 3. Күрделі зат есімдердің көпше формасында соңғы элемент өзгереді:

Schoolgirl – schoolgirls Fisherman – fishermen

Құрама зат есімдердің көпше формасында бірінші элементі өзгереді:

Mother-in-law – mothers-in-law

Passer-by – passers-by

Егер бірінші элемент зат есім болмаса, көпше формасына соңғы элемент ауысады.

Forget-me-not – forget-me-nots

4. «Sheep-ешкі», «deer-бұғы» зат есімдернің көпше формасы да жекеше формасы да бірдей.

Fish, fruit, hair зат есімдері әдетте жинақтық болып саналады, сол себепті олар жекеше формада қала береді. Бірақ, олар жеке дара заттарды немесе сорттар мен түрлерді білдіретін мағынада саналатын зат есім ретінде қолданылса, олар көпше формасын қабылдайды:

fruit – жеміс-жидектер fruits - жеміс-жидектердің жеке түрлері

fish – балық fishes – балықтың жеке түрлері

hair – шаш hairs – шаш талдары

Various fruits grow in our garden.

Where is the fruits? – It is on the table.

There are lots of fish in this lake.

She has fair hair.

Family «жанұя», team «құрама, топ» зат есімдері жалпы жанұя, құрама деген мағына береді және сол сияқты жанұя, құрама мүшелері деген мағынаны да білдіреді, бұл жағдайда етістік-баяндауыш көпше формада болады:

The team is here. The team are well.

5. Келесі зат есімдер көпше формада ғана болатын жұп заттарды білдіреді:

Scissors - қайшы spectacles - көзілдірік

Trousers - шалбар scales - таразы

6.Clothes «киім-кешек» зат есімі көпше формадағана қолданылады; wage «жалақы» зат есімінің көпше формасында wages болып қолданылады.

Her clothes are nice. What are your wages?

7. Келесі зат есімдер өзгеше, тек қана жекеше формада қолданылады: advice - кеңес, кеңестер; progress - табыс, табыстар; knowledge - білім; information - ақпарат, ақпараттар; money – ақша, ақшалар.

His knowledge of English is well.

This information is highly important.

«Сағат» зат есімінің ағылшын тіліндегі баламасы watch дара зат мағынасында жекеше формада қалай болады, құрама заттар мағынасындакөпше формасында да дәл сол қалпында қалады:

My watch is on the table.

Nick has got two watches.

No news is good news. Physics is my favourite subject.

4-сабақ. Зат есімнің септелуі

Ағылшын тілінде зат есімде екі септік бар: атау (the Common Case) және ілік (the Possesive Case).

Ілік септігі атау септігінің түбіріне –s форманты жалғануы арқылы құралады. –s форманты зат есімнің көпше формасындағы –s жалғауының оқылу ережесіне сәйкес [s], [z] немесе [iz] болып оқылады:

A worker – a worker's cap

A cat – a cat's paw A nurse – a nurse's overall

-s-ке аяқталатын зат есімдер ілік септігін бірге құрады: Dickens' novels немесе Dickens's novels. Екі жағдайда да жалғау [iz] болып оқылады.

Көнше формасындағы ілік септігінің формасы көпше формасындағы атау септігінің формасымен ұқсас. Орфография жағынан бұл формалар апострофтың (') көмегімен айырылады:

workers' caps

cats' paws

a nurses' overalls

Көпше форма ережеге сәйкес емес жолмен жасалатын болсакөнше формасындағы ілік септігінің формасы және көпше формасындағы атау септігінің формалары былай айырылады:

Children – children's toys

Men – men's coats

Ережеге сәйкес, ілік септігінің формасында тек саналатын жанды зат есімдер қолданылады. Ілік септігінің негізгі мағынасы, аты айтып тұрғандай, затқа деген қатыстығын білдіру. Ағылшын тілі мен қазақ тіліндегі ілік септігі ұқсас: my brother's room –менің ағамның бөлмесі.

Е с к е р т у. 1. Сөз тәртібіне көңіл бөліңіз: ағылшын тілінде қазақ тіліндегідей зат есім айқындауыш мүшеден кейін тұр.

Қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінде екі ілік септігі қатар келуі сирек: This is the son of my friend's brother - Бұл менің досымның ағасының баласы.

Ағылшын тілінде ілік септігінің –s форманты тұтас сөздер тобына (the group-genitive) қатысты болады:

John and Mary's son.

In a year or two's time.

-s формантының бұлай қолданылуы берілген сөздер белгілі бір мағыналы бірлікті құраса мүмкін болады:

Ilf and Petrov's novel. (Gipak: Shelly's and Byron's poems.)

The teacher of art's room.

The sister-in-law's bag.

Ережеге сәйкес жансыз зат есімдер ілік септігінде қолданылмайды. Бұл жағдайда қазақ тіліндегі ілік септігіне сәйкес қатыстық **–of** предлогының көмегімен беріледі:

The roof of this house is unusually flat.

Дегенмен, қашықтық пен уақыт мағынасын беретін зат есімдер ілік септігінде қолданыла алады:

A mile's distance, a month's holiday, a five days' trip.

Заманауи ағылшын тілінде мемлекеттер, қалалар, механизмдердің атауларын, онымен қоса, әлем, жер, күн, ай, ел, табиғат сияқты зат есімдерді ілік септігінің формасында қолдану тенденциясы бақылануда:

The world's resources, the Earth's rolation.

Ілік септігінің абсолютті қолданылуы

Ілік септігінің абсолютті формасымен а friend of mine сияқты конструкциямен қатарлас а boy of my friend's деген тіркес бар. Бұл конструкция а friend of mine конструкциясы сияқты қолданылады және «досымның балаларының бірі» деген мағына береді. Абсолютті формадағы ілік септігін анықтайтын зат есімнің алдына белгісіз артикль немесе сілтеу есімдігі қойылады.

Ілік септігіндегі зат есім белгілі бір тұлғаның тұрғылықты орнын, панасын немесе мекеменің, дүкеннің атауын және т.б. білдірген жағдайда зат есімсіз, яғни.абсолютті формада қолданыла алады:

She is at her grandmother's. Ол эжесінікінде.

He is at the baker's round the corner. Ол бұрыштағы наубайханада

5-сабақ. Артикльдер

Белгісіз артикльдің (The Indefinite Article) деректі зат есімдермен (Class Nouns) қолданылуы

A(an) белгісіз артиклі тек саналатын зат есімдермен жекеше түрде қолданылады.

Деректі зат есім контекстпен де, жағдаймен де нақтыланбаған кезде белгісіз артикльмен қолданылады. Бұл жағдайда ол ұқсас зат немесе тұлғаның біреуін білдіреді.

Could you recommend me a good novel?

He is a doctor.

We can tell the time by **a** clock or **a** watch.

Белгісіз артикль бұл мағынада сөйлемде алғаш рет қолданылып тұрған зат есіммен жиі жүреді.

I was born in a village near Moscow.

Белгілі артикльдің (The Definite Article) деректі зат есімдермен (Class Nouns) қолданылуы

The белгілі артиклі зат есімдермен жекеше түрде де, көпше түрде де қолданыла береді. Ол бірыңғай тұлғалар немесе заттар тобынан бөлінген тұлға немесе затты білдіретін зат есімдермен қолданылады.

Бірыңғай тұлғалар немесе заттар тобынан белгілі бір тұлғаның не заттың бөлінуі дегеніміз бұл тұлғаның не заттың контекстпен немесе жағдаймен нақтылануын білдіреді.

Нақтылау көбінесе тұлғаны немесе затты білдіретін зат есім жанындағы шектейтін анықтауыштың (Limiting Atribute) қолданылуы арқылы іске асырылады.шектейтін анықтауыш ретінде мыналар қолданыла алады:

асырмалы шырайдағы сын есім (Adjective in the Superlative Degree) :

The drawing-room is **the** largest room in our flat.

б) реттік сан есім (Ordinal Numeral):

Our flat is on the second floor.

Read **the** first sentence, please.

Ескерту: Егер зат есім постпозитивтік есептік сан есіммен анықталса, оның алдына артикль қойылмайды:

Read text one, please.

в) предлогты топ, яғни предлогтың зат есіммен тіркесі. Мұндай түрдің анағұрлым тараған шектейтін анықтауышы болып бірдеңеге қатыстылықты білдіретін **of** предлогының зат есіммен тіркесі табылады:

The walls of the dining-room are light green.

г)есімшелі тіркес:

The boy running across the street is my brother.

д) анықтаушы бағыныңқы сөйлем:

The armchair *am sitting in* is very comfortable.

Артикльдердің аты-жөнді (Proper Names)

білдіретін зат есімдермен қолданылуы.

Аты – жөн әдетте артикльсіз жүреді:

Byron died in Greece.

Егер көпше түрдегі жалқы зат есім бүкіл жанұяны білдіру үшін қызмет етсе, онда ол белгілі артикльмен жүреді:

The Wilsons live in this house.

Жалқы есімдерді шектейтін анықтауышпен нақтылағанда белгілі артикль колданылады:

I do not recognize in him **the Peter** I knew some year ago.

Берілген бір жанұяның өкілін білдіретін жалқы есімді белгісіз артикльмен колданады:

James is also a **Brown**.

Егер жалқы есімнің алдында дәреже, лауазым немесе туыстық қатынасты білдіретін зат есім келсе, онда ол артикльсіз қолданылады:

Professor Kuznetzov lectures on English Phonetics.

Aunt Vera is watching TV in the living – room.

Ескерту: жанұя мүшелерін білдіретін зат есімдер артикльсіз қолданылады: Mother and Aunt are laying the table now.

Белгілі артильдің дерексіз

зат есімдермен қолданылуы (Abstract Nouns)

Контекстпен немесе жағдаймен нақтыланбаған дерексіз зат есімдер артикльсіз жүреді:

My sister is fond of **music**.

Literature is my favorite subject.

Дерексіз ұғымды постпозитивтік анықтауыш немесе жағдай арқылы нақтылағанда дерексіз зат есімдер белгілі артикльмен қолданылады:

He lectures on **the Geography** of England.

I liked **themusic**, but the **content** seemed trivial.

Белгілі артикльдің деректі зат есімдермен қолданылуы

1) Белгілі артикль белгілі бір жағдайды айқындайтын зат есімдермен қолданылады:

In front of the entrance door is the dining-room.

Hang up the picture, please!

2)Белгілі артикль ертерек айтылған заттар немесе тұлғаларды айтқанда қолданылады:

Between the two large windows there is a little table with a TV set on it. Near **the table** there are two cosy armchairs.

3)Белгілі артикль өз болмысында жалғыз (the sun, the moon, the universe, the world, the sky, the earth сияқты) тұлға немесе затты білдіретін зат есімдерді айтқанда қолданылады:

On the walls of our geographical study there is a map of the Moon.

Артикльдердің breakfast, lunch, dinner, supper зат есімдерімен қолданылуы

Тамақ қабылдау жайлы айтқанда, breakfast, lunch, dinner, supper зат есімдері артикльсіз жүреді.

Dinner is over. Will you be in to **dinner**? **Breakfast** is at nine o'clock. Mother is cooking **lunch**.

Егер бұл зат есімдер шектейтін анықтауышпен немесе жағдаймен бөлінетін болса, оған қоса егер тағамның сапасы жайында сөз қозғалса, олар белгілі артикльмен қолданылады:

Do you remember **the lunch** they gave us last year? **The breakfast** was a light one. **The dinner**has been postponed until eight o'clock.

Erep breakfast, lunch, dinner, supper зат есімдері суреттеме анықтауышпен (Descriptive Attribute) анықталса, олар белгісіз артикльмен қолданылады: They gave us **a** delicious **dinner**.

Most үстеуі сын есімнің асырмалы шырайын жасаумен қоса, «аса», «қатты», «өте», «тіпті» мағынасында қолданылуы мүмкін. Осы жағдайда жекеше түрде белгісіз артикль қолданылады, ал көпше түрде артикль болмайды:

This is **a** most beautiful flower. These are most beautiful flowers.

Erep most зат есім немесе предлогты топ алдында тұрса, онда ол «көпшілік», «көп бөлігі» мағынасында болып, артикльміз қолданылады:

Most people listen to the news every day.

Most of our studentsare members of different scientific societies.

Артикльдердің қолданылуының ерекше жағдайлары

School, prison, hospital зат есімдері белгілі бір жұмыс орны деген мағынада артикльсіз қолданылады:

To go to school – мектепке бару, яғни оқу **To be in hospital** – ауруханада жату, яғни емделу He is still **in hospital.** Does your son go **to school?**

Белгілі бір тұлға жұмыс істейтін ғимарат (мектеп, аурухана және т.б.) немесе мекеме деген мағынада белгілі зат есімдермен қолданылатын артикльдер ережесіне сәйкес артикль қойылады:

Let's meet near the hospital. She is a laboratory technician at a school.

2. Town белгілі зат есімі country (to go to the country «ауылға бару»,to live in the country «ауылда тұру») зат есіміне қарама-қарсы мағынада артикльсіз қолданылады:

I've got tired of living in the country. I should like to live in town.

3. Заттанған сын есімдер мен есімшелер әрқашан белгілі артикльмен қолданылады. Бұл жағдайда олар жинақтық мағына береді (the poor «кедейлер»; the rich «байлар»; the blind «соқырлар»; the oppressed «қапаланған»; the English «ағылшындар» және т.б.) және дерексіз (the blue of the sky «аспанның көгілдірлігі»; the impossible «мүмкінсіздік»):

The Swiss make good watches. His drawings reveal his love for the grotesque and the terrible.

4. Саналатын зат есімдер жекеше түрде аналогтық заттар, тұлғалар, жанжануарлардың және т.б. толық тобын білдіруі мүмкін. Бұл жағдайда олар белгілі артикльмен қолданылады:

Isn't **the rose** the most beautiful flower in the world? I heard it on **the radio.**

Егер саналатын зат есім белгілі бір заттар, тұлғалар, жан-жануарлардың тобының бірі ретінде болса, онда оның алдына белгісіз артикль қойылады:

A spaniel has long ears.

Дерт атауларымен қолданылатын артикльдер

1. Ережеге сүйенсек, дерт атаулары артикльсіз қолданылады:

She has got **influenza**, **Jaundice** is a nasty disease.

Бірақ: to have **a headache**, to have **a cold**.

2.Дерт атауының алдында шектеулі анықтау болса, онда белгілі артикль қолданылады:

She has never really got over **the malaria** she caught during the war.

6-сабақ. There is (are) құрылымы

There is (are) құрылымы сөйлеуші бұрынырақ айтылмаған белгілі бір заттың немесе тұлғаның белгілі бір жерде барын немесе жоғын хабарлағанда колданылады:

There is *a lamp* on the table. Үстелде шам бар.

Егер алдын ала белгілі зат болса, онда сөйлемдегі сөздер тәртібі өзгереді: *Thelamp* is on the table. Шам үстелде.

Егер бастауыш саналатын зат есімнен болып, сөйлемде **there is** құрылымынан басталса, онда ол белгісіз артикльмен қолданылады.

Егер бастауыш көпше түрде немесе саналмайтын зат есімнен болса, артикль қолданылмайды.

Егер сөйлемде бірнеше бастауыш болса, онда **to be** етістігі міндетті түрде өзінен кейінгі зат есімге сәйкес болады:

There is *a dining-table* and six chairs in the dining-room.

There are three rooms, a kitchen and a bathroom in our flat.

There is (are) құрылымымен сөйлем түрлері

| Болымды | Сұраулы | Болымсыз |
|-----------------------------|-----------------------|---------------------------|
| (Affirmative) | (Interrogative) | (Negative) |
| There is a pen on the table | Is there a pen on the | There is not a pen on the |
| | table? | table |
| There are pens on the | | (There isn't a pen on the |
| table | Are there pens on the | table) |
| | table | There are pens on the |
| | | table |
| | | (There aren't pens on the |
| | | table) |

7-сабақ. Сұрақ түрлері

Ағылшын тілінде жалпы сұрақтан басқа тағы үш түрлі сұраулы сөйлемдер бар: арнайы сұрақ, альтернативті және бөлетін сұрақтар.

Арнайы сұрақ (Special Question)

Сөйлемнің құрамына толық қатысты жалпы сұраққа қарағанда арнайы сұрақ сөйлемнің бір мүшесіне қатысты болады. Сондықтан арнайы сұрақ өзі қатысты сөйлемнің мүшесін алмастыратын сұраулы сөзден басталады. Сұраулы сөзден кейін етістіктің, одан кейін бастауыш келеді.

What's this?

Where is he?

Анықтауышқа сұрақ қойғанда, сұраулы сөзден соң анықталғыш (сөз) тұрады: Whose book is it?

Бастауышқа немесе бастауышты анықтауға сұрақ қойғанда, тура орын тәртібі сақталынады, яғни, сұраулы есімдік бастауыштың орнына қойылады, жақтық тұлғадағы етістік тікелей содан кейін келеді де, онымен түрде (жекеше, көпше түрлер) және жақта қабысады.

Erlan is in Karaganda.

Who is in Karaganda?

His mother is a doctor.

Whose mother is a doctor?

The children are in the garden.

Who is (are) in the garden?

Арнайы сұрақ мамандықты білдіретін зат есім түрінде келгенетістіктің есім бөлігіне қатысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда сұраулы сөз ретінде әдетте **what** есімдігі қолданылады:

He is a doctor. What is he?

They are students. **What** are they?

Ескерту: Егер арнайы сұрақ аты, тегі, туыстық деңгейі т.б. білдіретін зат есім ретінде келген етістіктің есім бөлігіне қатысты болса, онда сұраулы сөз ретінде **who**есімдігі қолданылады.

Who is that boy? – That boy is my cousin.

«Қандай», «қайсы» мағынасындағы **which**сұраулы есімдігі бірыңғай заттар, тұлғалар т.б.тобынан таңдау бар кезде қолданылады.

Which of these boys is your brother? Который из этих мальчиков ваш брат? Альтернативті сұрақ (Alternative Question)

Альтернативті сұрақ **ог**жалғаулығы арқылы байланысқан екі бөліктен құралады. Оның бірінші бөлігі жалпы сұрақ типтес құралса, екінші бөлігі бірінші бөліктің бір мүшесіне таңдау-балама болып, **ог** жалғаулығы арқылы байланысалы.

Is it a pen **or** a pencil?

Is Sultan busy **or** free? Is it warm **or** cold today?

Бөлетін сұрақ (Disjunctive Question)

Бөлетін сұрақ екі бөліктен тұрады, олар: болымды немесе болымсыз хабарлы сөйлем және қысқаша сұрақ (tag). Бұл сұрақ түрі сөйлеуші сөйлемнің бірінші бөлігінде келтірілген мәліметке растау алуды болжағанда немесе өзінің пайымдауының тиянақтлығын азайту үшін тырмысқанда қолданылады. Болымды сөйлемге жалпы сұрақ типтес болымсыз сұрақ (negative tag) қосылады, ал болымсыз сөйлемге болымды сұрақ (positive tag) қосылады.

Сұрақтағы бастауыш бірінші бөліктегідей сол жақ пен затты білдіреді, бірақ әрқашан жіктік есімдікпен келеді.

Бөлетін сұрағы бар ағылшын сөйлемі қазақша «қой(ғой)»сөзі бар сұраулы сөйлемге сай келуі мүмкін.

This is a map, isn't it?

Бұл карта ғой?

Соған қоса бөлетін сұрақ «солай емес пе?», «рас емес пе?», «ия?» сұрақтарына сәйкес келуі мүмкін.

This **is** a cap, **isn't** it?

Бұл қалпақ, рас емес пе?

This **isn't** a picture, **isn't** it?

Бұл сурет емес, солай емес пе?

Ескерту: Бірінші жақ жекеше түр үшін болымсыз бөлетін сұрақ **are** формасы арқылы жасалады.

I am late, aren't I?

Мен кешіктім, солай емес пе?

8-сабақ. Есімлік.

Жіктік есемдіктер (Personal Pronouns)

Ағылшын тіліндегі жіктік есімдіктердің атау(The Nominative Case) және табыс (The Objective Case) септіктерінен тұратын екі септікті жүйесі бар.Жіктік есімдіктің табыс септік формалары қазақ тілінің жіктік есімдіктерінің барлық септіктерінің формаларына сай келеді.

Жақ Атау септік

Табыс септік

Жекеше түр

1-ші **I** 2-ші**vou** me you

3-ші **he/she/it**

him/her/it

Көпше түр

1-ші**we**

us

2-ші **you**

you

3-шi**thev**

them

Тәуелдік есімдіктер (Possessive Pronouns)

Ағылшын тілінде тәуелдік есімдіктердің екі формасы бар: бағыныңқы(the dependent form) және абсолютті(the absolute form). Тәуелдік есімдіктердің бағыныңқы формалары зат есімді анықтауыштар болып табылады, сондықтан олар әрқашан зат есіммен тіркесіп келеді. Мысалы, Nick із **my** brother. Абсолютті формалары өздігінен қолданылады және өзінің мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметіне байланысты тәуелдік есімдік пен зат есім тіркесіне тең. Мысалы, This pencil із **mine**, **yours** іs on the table.

Жақ Тәуелдік есімдіктердің

Тәуелдік есімдіктердің абсолютті формасы

бағыныңқы формасы

Жекеше түр

1-ші **my** 2-ші **your**

mine yours 3-IIIi his/her/its his/hers/its

Көпше түр

1-ші our ours 2-ші your yours 3-ші their theirs

Ескерту:1. «Өзінің» тәуелдік есімдігі ағылшын тіліне есімдік- бастауыштың жағына байланысты тәуелдік есімдіктердің біреуімен аударылады.

Ол θ зінің(θ з) болмесінде. **He** is in **his** room.

Өзіңнің(өз) сөмкеңді ал! Take your bag!

2. Абсолютті формадағы тәуелдік есімдіктер a friend of mine (of his, hers,etc..) тәрізді тіркестер құрамында кездесе алады. Бұл тіркес «..біреуі» деген мағынаны білдіргенде қолданылады.

A friend of mine – менің досым (= менің достарымның біреуі, бірақ жалғыз дос емес)

A cousin of mine – менің бөле ағам (= менің бөле ағаларымның біреуі, бірақ жалғыз бөле ағам емес)

This (these) және that (those)

Сілтеу есімдіктерінен басталатын сөйлемдер

Сөйлеп тұрған адамға жақын тұрған затты немесе адамды көрсету үшін ағылшын тілінде **this** (жекеше түрінде) – мынау; **these** (көпше түрінде) - мыналар сілтеу есімдіктері пайдаланады:

This is a pen. These are texts. This is a desk. These are geese.

Сөйлеп тұрған адамнан біраз ғашықтықта тұрған затты немесе адамды көрсету үшін ағылшын тілінде **that** (жекеше түрінде) – анау; **those** (көпше түрінде) – анаулар сілтеу есімдіктері пайдаланады:

That is a pipe. Those are tulips. That is a picture. Those are bees.

Much, many, little, few есімдік сын есімдері

Much «көп», little «аз» саналмайтын зат есімдерді анықтайды.

Many «көп», few «аз» саналатын зат есімдерді анықтайды.

Is there **much** light in your room? No, there isn't. There isn't**much** in my room. There is **little** light in my room.

Are there **many** forks in the drawer? No, there aren't. There aren't **many** forks in the drawer. There are **few** forks in the drawer.

Little және few белгісіз артикльмен тіркесіп, а few «азын-аулақ», «бірқатар», а little «аздап», «азғантай», «бірқатар» тәрізді мағынада тұрақты іркестер құрады.

I have a few friends here. Менде мұнда бірқатар достарым бар (Салыстырыңыз: I have few friends here. Менде мұнда достарым аз.)

There is a little milk in the saucer. Ыдыста аздап сүт бар.

(Салыстырыныз: There is little milk in the saucer. Ыдыста сүт аз.)

«Көп» мағынасындағы much, many есімдік сын есімдерімен қатар келесі тіркестер де қолданылады:

much

a lot of, lots of, plenty of

many

much – a good deal of, a great deal of

many – a great many, a good many, a large number of

There is a lot of (lots of, plenty of, a good deal of, a great deal of) sand in a desert.

There are a lot of (lots of, plenty of, a great many of, a good many of, a large number of) stars in the sky.

Much пен many әдетте сұраулы сөйлемдерде қолданылады. Болымды сөйлемдерде олар бастауышты анықтаған кезде немесе very, so, how, as, too сөздерімен анықталғанда қолданылады.

Have you much work to do today? I have very(so, too)much work to dotoday.

Students have plenty of (very much, a lot of) free time in summer.

There are very many (lots of, plenty of) illustrations of this magazine.

There is /there are құрылымды болымсыз сөйлемдерде much, many есімдік сын есімдері болса, әрқашан not болымсыз демеулік шылауы қолданылады.

There is not (isn't) much snow in the streets today.

There are not (aren'tmany) flowers in the fields yet.

Өздік және күшейтпелі есімдіктер (Reflexive and Emphatic Pronouns)

Ағылшын тілінде өздік және күшейтпелі есімдіктердің формалары бір.

myself ourselves

yourself yourselves

himself

herselfthemselves

itself

Күшейтпелі есімдік ретінде келіп, бұл есімдіктердің барлығы «өзі», «өздері» тәрізді қазақ тілінің есімдіктеріне сәйкес.

Do it **yourself**. Бұны өзіңіз істеңіз.

Let him do it **himself**. Ол мұны өзі істесін.

Өздік есімдік ретінде келіп, бұл есімдіктер тұйық етістіктің «у» жұрнағына сәйкес.

To enjoy **oneself** – рахаттану, лэззат алу

To amuse **oneself** – көңіл көтеру

He enjoyed himself dancing.

Ескерту: Oneself формасы белгісіздік жіктік one есімдігінен құралған және ісәрекеттің нақты жасаушысы белгісіз болған кезде қолданылады.

Some, any, no есімдіктері

Белгісіз артикльмен қатар зат есімнің анықтауышы болып some және any есімдіктері де қолданыла алады.

Some, any, no есімдіктері нәрсе немесе заттың белгісіз санын көрсету үшін қолданылады. Some есімдігі көпше түрде саналатын зат есіммен тіркесіп, «біраз», «бірнеше» мағыналарын береді.

There are **some** stools and a large table in the kitchen.

I have **some** English books.

Жекеше түрде саналатын зат есіммен тіркесіп, «қандай болмасын » мағынасын береді.

Tell me **some** interesting story.

Ал саналмайтын зат есімдермен some есімдігі «аздаған», «аздаған көлем» мағынасын береді.

There is **some** juice in the bottle.

Someeсімдігі деректі зат есіммен тіркесіп, тұтастың бөлігі мағынасын бере алады. Бұл жағдайда тіркес бөлуші мағынасы бар табыс септігіндегі зат есімге сай келеді.

Give me some bread, please. Маған нан беріңізші.

Any есімдігі көпше түрдегі саналатын зат есімді анықтай отыра, «қандайда бір» мағынасын береді.

Are there **any** papers in the drawer?

Саналмайтын зат есімдермен тіркесіп, «аз-кем», «аз-ғана» мағынасын береді.

Is there any meat on the frying-pan?

Болымсыз**not** сөзі барболғанда**any** «ешқандай», «ешбір» мағынасын береді және болымсыздық есімдігі **no**-мен алмастырыла алады (ғдайда болымсыз демеулык not қолданылмайды).

There **aren'tany** flowers in the vase. There **isn'tany** meat on the frying-pan. There **areno** flowers in the vase. There **isno** meat on the frying-pan.

Ескерту: Қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінде бір сөйлемде екі не одан да көп болымсыз мүшелер қолданылмайды. Салыстырыңыз :

Құмырада ешқандай гүл жоқ. — There are no flowers in the vase. There aren't any flowers in the vase.

Саналмайтын зат есімдер алдында немесе көпше түрдегі за есімдер алдында some, апу есімдіктері жиі аударылмайды.

Some есімдігі әдетте болымды сөйлемдерде қолданылса, апу болымсыз немесе сұраулы сөйлемде қолданылады. Алайда апу болымды сөйлемдерде де «кез келген» мағынасында келе береді:

I can read **any** English book in the original. Мен кез келген ағылшын кітабын түпнұсқасында оқи аламын.

Шартты бағыныңқы сөйлемдерде әрқашан апу есімдігі қолданылады:

If you have **any** flowers, we can decorate your room with them.

Ал some болса сұраулы сөйлемдерде қолданыла беріп, өзінің басты «аз-кем», «қандай болмасын»мағыналарын сақтап қалады. Some мен апу-дің сұраулы сөйлемдерде қолданылу айырмашылықтары келесідей: (а) some қолданылады сұраққа болымды жауап күтілгенде, (б) мәлімет сұрақ түріндегі өтініш ретінде көрсетілгенде, (в) арнайы сұрақтарда:

- (a) Are you expecting **some** guests this afternoon?
- (б) Will you have **some** more tea?
- (B) Where can I get **some** cigarettes?
- 2. Some, any, no, every сияқты

алғашқы компоненттері бар күрделі есімдіктер

Some, any, no, every есімдіктері –body, - one, -thing сияқты екінші компоненттерімен күрделі есімдіктерді құрады.

Some – **something** – **somebody** – **someone**

Any - anything - anybody - anyone

No - nothing - nobody - no one

Every – everything – everybody – everyone

Thing , - body, немесе - one сияқты екінші элементтері бар күрделі есімдіктер синтаксистік қызмет бойынша бірігеді, яғни, олардың барлығы заттық сөйлем мүшесі қызметінде келеді(яғни, зат есімге тән синтаксистік қызметтерде). Олардың бәрі баяндауышпен жекеше түр формасында үйлеседі. *Everybody***is** listening attentively.

Формажасау жағынан да олар ұқсайды: жандылық(одушевленность) мағынасын беретін есімдіктер тәуелдік есімдігі формасында қолданыла береді: Take *somebody*'s book and read the text aloud.

Күрделі есімдіктер жандылық – жансыздық сипаты жағынан бір - біріне қарама - қайшы келеді: something, anything, nothing және everything есімдіктері жансыздықты білдірсе, —body, -one компоненттері бар есімдіктер жандылық мағынасын береді.

Something бірдеңе, әлдене anything бірдеңе Somebody anybody әлдебіреу, әлдекім, біреу Someone anyone

Nothing ештене everything барлығы

Nobody everybody

No one ешкім everyone әрбіреу, бәрі

Body компоненті бар күрделі есімдіктер –of предлогы бар келесі предлогты сөйлемдер қатарымен тіркесте қолданылмайды; бұл жағдайда **some**, **any**, **none** есімдіктері қолданылады:

Some of you must go and visit her.

I don't expect to see **any** of them at the concert

Is (are) **none** of you going to help me?

I like **none** of the stories!

None есімдігі белгісіздік – жіктік «ешкім» мағынасында да қолданыла алады.

None are so deaf as those who will not hear.

Салыстырыңыз: Саңырау адам саңырау емес, естігісі келмейтін адам –саңырау.

Some, any, none есімдіктері жансыз зат есімдердің орнын басатын сөздер ретінде болуы мүмкін:

Are there any flowers on the window – sill? No, there are **none**. Yes, there are **some**.

Some, any, no, every есімдіктері **-where** екінші компонентпен күрделі үстеулер де жасай алады: somewhere, anywhere, nowhere, everywhere.

Күрделі есімдіктер мен үстеулер some, anу, no тәрізді сәйкес қарапайым есімдіктер ұқсас әр түрлі типті сөйлемдерде қолданыла береді (хабарлы, сұраулы, болымсыз).

9-сабақ. Сан есім (Numerals)

1. 13-тен 19-ға дейінгі аралықтағы сан есімдер сәйкесінше **[ti:n]**, орфографияда **-teen**жұрнағы арқылы жасалады:

Seven – seventeen eight – eighteen ['sevn] ['sevn'ti:n] [eit] ['ei'ti:n]

Three және five сан есімдері ғана сәл өзгереді:

Three – thirteen five – fifteen $[\theta ri:]$ [' θsi 'ti:n] faiv] ['fif'ti:n]

2. Ондықты білдіретін сан есімдер сәйкесінше **[ti],** орфографияда **-ty**: seven ['sevn] – seventy ['sevnti].

Two, three, four, five сан есімдері аздап өзгеріске ұшырайды:

Two – twenty three – thirty [tu:] ['twenti] [θ i:] [' θ 3:'ti:] Four – forty five – fifty [faiv] ['fifti]

«Сексен» сан есімі [i] (-y) жалғануының көмегімен құрылады: eight [eit] – eighty ['eiti]

- 3. Екі таңбалы сандар және олардан кейінгі бірліктер арасына дефис қойылады: twenty-five.
- 4. Hundred, thousand, million сан есімдерінің алдында жекеше формада белгісіз артикль **a** немесе **one** сан есімі қойылады:

A (one) hundred a (one) million

5. Hundred, thousand, millioncaн есімдерініңалдында көпше формасында есептік сан есімдер (Two, three, four т.с.с.) тұрғанда, оларға -s жалғауы жалғанбайды:

Twohundred, four thousand, three million

- 6. Hundred, thousand, million сан есімдерімен құрама жүздіктер мен мыңдықтар алдында (егер олар болмаса, онда бірліктер алдында) **and** шылауы қойылады:
 - 417 four hundred **and** seventeen
 - 3,061 three thousand **and** sixty-one
 - 506 five hundred **and** six
 - 7. Ағылшын тілінде жылдар есептік сан есіммен беріледі:
 - 1800 eighteen hundred
 - 1917 nineteen seventeen
 - 1905 nineteen hundred and five ['nainti:n 'ou 'faiv]

Реттік сан есімдер (The Ordinals)

- 1. Алғашқы екі реттік сан есімдер «бірінші», «екінші» **first, second** суплетивті жасалған, ол дегеніміз өздеріне сәйкес есептік сан есімдерден құралмаған. «Үшінші» сан есімінің ерекше формасы бар: third
- 2. Қалған реттік сан есімдер өздеріне сәйкес есептік сан есімдерден [0], орфографияда **-th** жұрнағының көмегімен жасалады: fourth, sixth, seventh.

Five, twelve сан есімдерінде $-\mathbf{ve}$ $-\mathbf{f}$ -ға ауысады: fifth [fifθ], twelfth [twelfθ]; eight сан есімінде орфографиясында $-\mathbf{th}$ жұрнағын жалғаған кезде түбірдегі бірдей дауыссызбен үндесіп, біреуі түсіп қалады:eighth [eitθ]; nine сан есімінде $-\mathbf{e}$ әрібі түсіп қалады: ninth[nainθ]; ондық сан есімдерде соңғы $-\mathbf{y}$ әрібі $-\mathbf{ie}$ $-\mathbf{re}$ ауысады: twenty - twentieth, fourty - fourtieth.

3. Құрама реттік сан есімдер құрылғанда соңғы сан ғана реттік болып саналады да қалған алдыңғы мүшелері есептік сан есім болып калады:

Отыз екінші – thirty-second

Екі жүз жиырма бірінші – two hundred and twenty first

Төрт мың екі жүз отыз тоғызыншы — four thousand two hundred and thirty-ninth

- 4. Реттік сан есімдер белгілі артикльмен қоданылады: The first day of the week is Monday
- 5. Күндерді белгілеуде реттік сан есімдер қолданылады; ондай жағдайда сан есімнің алдында әрқашан белгілі артикль тұрады:

18 наурыз – the eighteenth of March; March, the eighteenth

7 қараша 1977 жыл – the seventh of November, nineteen seventy-seven

6. Егер үйдің, бөлменің, беттің, оқу тобының және т.б.нөмірі есептік сан есіммен және зат есімнен кейін жазылса, ол зат есімнің алдына артикль қойылмайды:

Room five, page twenty-four, group three

10-сабақ. Модаль етістіктері (Modal Verbs)

Can, may, must etictiktepi


Can, may, must етістіктерін модальды деп олардың мағынасына қарай атайды: олар іс – әрекетті емес, ал оған деген қатынасты айтады.

I can speak English.Мен ағылшынша сөйлей аламын.

You **may** read this book. Сіз бұл кітапты оқи аласыз (мен сізге рұқсат етемін). He **must** go to the University every day. Ол университетке күнде баруы қажет.

Олардың негізгі грамматикалық мағынасына қолданылуы да сай, яғни, модальды етістіктерден кейін әрқашан іс-әрекетті білдіруші етістіктің инфинитиві жүреді. Оған қоса сап, may және must етістіктерінен кейін инфинитив **to** демеулік шылауынсыз келеді.

Сап, may, mustмодальды етістіктері басқа етістіктер арасынан тек мағынасы жағынан ғана емес, сонымен қатар грамматикалық формалар жүйесімен де ерекшеленеді: олардың барлық жақтық емес формалары (инфинитив, есімше және герундий) жоқ және осы шақты еш форма өзгертусіз жасайды.



Сұраулы сөйлемде модальды етістік бастауыштың алдында тұрады; болымсыз форманы жасағанда not демеулік шылауы тікелей модальды етістіктен кейін жүреді.

Сұраулы сөйлемдер

Болымсызсөйлемдер

Can he work alone? He cannot translate this text.

May I take your book?

You **maynot** take my book.

Must I read?

He **mustnot** read those books.

Not демеулік шылауы оның алдындағы модальды етістікпен бірігіп, қысқарған формалар жасайды: can't, mayn't, mustn't.

Can «істей алу» етістігі мына мағыналарды білдіреді: 1) іс-әрекетті жасаудың физикалық тұрғыдағы мүмкіндігі немесе қабілеті: He **can** run a mile in 5 minutes. I **can** knit;2)дәлелді себептерге байланысты әрекетті істеу мүмкіндігі: You **can** go there if you have time. You **cannot** see the ship from here. 3) бір нәрсені істеу үшін рұқсат сұрау немесе рұқсат ету: **Can** I leave my things here? You **can** have these flowers. Соңғы жағдайда болымсыз жауапта екі нұскасы мүмкін: must not (mustn't) немесе анағұрлым аз таралған may not (mayn't):

Can I leave my coat here? No, you musnt't. No, youmaynot.

Мау «істей алу» етістігі мына жағдайларда қолданылады: 1) бір нәрсені істеуге рұқсат сұрау, тиым салу, рұқсат ету, яғни, басқа бір тұлғаға байланыстымүмкіндікті білдіру үшін: **May** I go there? Yes, you **may** go there. No, you **maynot** go there. Соңғы жағдайда may потқабыл алмауды білдіреді. Үзілді – кесілді тиымды білдіру үшін must not (mustn't) формасы қолданылады: No, you **mustn't** go there. Сыпайы қабыл алмауды (тиым) білдіру үшін **need** етістігінің болымсыз формасы**пеednot** (**needn't**) жиі қолданылады: May I inform him about these letter? – No, you **needn't**; 2) іс— әрекетті орындау ықтималдығын болжауды білдіру үшін. Мұндай жағдайда may«мүмкін» модальды сөзімен аударылады.

He **may** come in the evening. Ол кешке келетін шығар(мүмкін).

You **may** meet her on your way home. Сіз оны үйге барар жолда кездестіруіңіз мүмкін.

Модальды етістіктер мен олардың Past Indefinite-тегі эквиваленттері

Can және may модальды етістіктерінің Past Indefinite-тегі эквиваленттері could және might болып табылады. Must етістігінің өткен шақта арнайы формасы болмайды, сондықтан өткен шақтағы қажеттілік мағынасын көрсерту үшін must етістігінің эквиваленті Past Indefinite-тегі **to have** етістігі қолданылады:

He **could** do this without my help.

You had to go there yesterday.

Could және might етістіктерінің болымды және сұраулы формалары көмекші етістіксз жасалады, ал had етістігінің формалары өткен шақтағы do көмекші етістігі арқылы құрылады:

Could he do this work without my help?

Did you have to go there yesterday?

Соған қоса өткен шақ формасында сап етістігінің эквиваленті **to be able** қолданылуы мүмкін. Болымды сөйлемдерде кейде could және was able формалары мағынасындағы кей айырмашылықтар байқалады: could тек қабілетті ғана білдірсе, was able әрекеттің осы қабілет нәтижесінде табысты орындалуын көрсетеді:

He **could** read before he was three. He **was able** to finish reading the book before he went to bed.

Ал болымсыз сөйлемдерде мұндай айырмашылықтар байқалмайды:

He **could not** finish reading the book before he went to bed. (= He **was not** able to finish...)

Must «қажет» етістігі мына мағыналарды береді: 1) белгілі бір жағдайларға байланысты туындаған жәнесөйлеушінің еркіне бағынбайтын іс-әрекетті орындау қажеттілігі: I **must** translate this text today. **Must** модальды етістігі бар сұраққа (**Must** I go? сияқты) болымсыз жауапта әдетте болымсыздығы бар need модальды етістігі қолданылады: No, you **neednot** (**needn't**) go немесе қысқа жауап: No, you **needn't**. Must- пен болымсыз жауап(No, you **mustn't**) үзілді-кесілді тиымды білдіреді; 2) әрекетті орындау ықтималдығы(тау етістігімен салыстырғанда тиst ықтималдықтың анағұрлым улкен дәрежесін көрсетеді, яғни, әрекеттің орындалып жатқандығына сенімділікпен шектесетін ықтималдық):

He **must** be at school. Ол мектепте болуы керек. He **must** have this book. Бұл кітап онда бар болуы керек. **Need, dare модальды етістіктері**

Need модальды етістігі әдетте болымсыз сөйлемдерде қолданылып, әрекетті орындаудың жөнсіздігінбілдіреді: I **need** not say it twice.

Болымды сөйлемдерде need әдетте hardly сөзімен бірге қолданылады: I **need** hardly mention this fact.

Need етістігі одан кейінгі инфинитивпен тіркесте екі түрлі мағына-мән білдіруі мүмкін: 1) модальды етістік сияқты, яғни, do көмекші етістігінсіз болымсыз және сұраулы формаларда, -sжалғауынсыз 3-ші жақта жекеше түрде және to демеулік шылауынсыз инфинитивпен тіркесте. Мұндай қолданыс need етістігіне осы шақта тұрғанда, әсіресе, сұраулы және болымсыз сөйлемдерде тән; 2) басқа толық мағыналы етістіктерден формасында айырмашылығы жоқ кәдімгі етістік ретінде:

Need he go?

He needn't to go.

Needn't he go?

Does he need to go?

Hedoesn'tneed to go.

Doesn't he need to go?

Dare «дәті бару» етістігі need етістігі тәрізді модаль етістік ретінде де, кәдімгі мәнді (атаушы) етістік ретінде қолданылады. Сонымен dare етістігі бар болымсыз және болымды сөйлемдер екі түрлі жолмен құрылуы мүмкін:

I dare not go there.

Dare you ask him?

I donotdare to go there.

Do you dare to ask him?

Осы шақтағы модальды етістіктердің эквиваленттері

«Қажет» мағынасындағы must етістігінің эквиваленті ретінде **tohave** етістігі жүреді. Бұл жағдайда тікелей одан кейін **to** демеулік шылауы бар инфинитив келеді:

Tell her that she **must be** here by six.

Tell her that she **has to be** here by six.

Must және to have етістіктері бұл қолданыста синоним болып келсе де, кейбір жағдайлар қатарында олардың мағыналары арасындағы біраз айырмашылықтарды байқауға болады: musteтістігі сөйлеушіге байланысты ісәрекетті орындау қажеттілігін білдіреді, ал to have етістігі сыртқы жағдайларға байланысты әрекетті орындау қажеттілігін білдіреді:

You must do what I tell you. Сіз менің айтқанымды істеуіңіз керек.

I have to dine out today (as we have no dinner at home). Мен бүгін сыртта тамақтануым қажет(тамақтануға мәжбүрмін) (үйде түскі ас болмаған соң).

То have етістігі «мәжбүр» мағынасында модальды етістік ретінде келгенде, ол сұраулы және болымсыз формаларды do етістігі көмегімен жасайды.

Миst етістігінің эквиваленті ретінде өзінен кейінгі to демеулік шылауы бар инфинитивпен **to be** етістігі де бола береді. Алайда қажеттілік мағынасындағы to be етістігінде айқын шектелген қолданыс аясы бар, яғни, алдын ала келісілген, жоспар, бұйрық бойынша туындаған іс-әрекетті орындау қажеттілігін білдіреді:

I am to have tea at my aunt's this afternoon.

«Істей алу» мағынасындағы can етістігіне «істей алу», «істеуге қабілетті болу» мағынасындағы to be able тіркесі эквивалент бола алады. Алайда осы шақта to be able эквиваленті анағұрлым ресми көрінеді:

At present we are not able to grant your request.

To be ablecan етістігінде жоқ етістік формаларын алмастыру үшін қолданылады: I hope **to be able** to meet my colleagues on my way to the office. «Рұқсат ету » мағынасындағытау етістігінің эквиваленті болып to be allowed айналымы табылады.

He says that he **will be allowed** to keep the book for seven days.

Келер шақтағы модаль етістіктері

Can, may, must модаль етістіктерінде келер шақтың формалары жоқ. Осыған сәйкес мағынаны білдіру үшін модаль етістіктерінің **Future Indefinite**тегі баламалары қолданылады:

- I (we) **shall have** to do it. He (she, it, you, they) **will have** to do it.
- I (we) shall be able to do it. He (she, it, you, they) will be able to do it.
- I (we) **shall be allowed** to go there.

Should, ought (to) модаль етістіктері

Should, ought (to) модаль етістіктері міндеттіліктің бірдей мағынасын білдіреді және қазақ тілінде олар «керек», «қажет» немесе «дұрыс, жөн болар еді» деген тіркестерге сәйкес келеді. Осы етістіктердің әрқайсысы осы және өткен шақтың контекстінде қолданылады:

You should (ought to) wire them. She said I should (ought to) wire them.

Should, ought (to) модаль етістіктерімен берілген міндеттіліктің мәні must модаль етістігінің мағынасынан әлдеқайда өзгеше, себебі must модаль етістігі белгілі бір ереже немесе заңдылықты орындауға міндеттілікті көрсетеді, ал **should, ought (to)** модаль етістіктері белгілі бір әрекеттерді орындауды қалау, мақсаттануды білдіреді:

You **must** go to the University four times a week. You **should** go to the University today.

You **must** see her home. You **ought to** see her home.

11-сабақ. Есімше I (Participle I)

Есімше I (to демеулік шылауынсыз) инфинитив формасына -ing жұрнагының жалғануы арқылы құралады:to count – counting; to look – looking; to ask – asking.

Есімше І-ді құрғанда келесідей орфография ережелері сақталынады:

Егер инфинитивтегі етістік дыбыссыз **e-**ге аяқталса, — **ing**жұрнағықосылғанда, **e** түсіпқалады**:** to come — coming; to close — closing. Егер инфинитивтегі бірбуынды етістік алдында қысқа дауысты дыбысы бар бір дауыссызға аяқталса, —**ing** жұрнағықосылғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз дыбыс екі еселенеді: to put — putting, to cut — cutting.

Бір дауыссызға аяқталған екібуынды және көпбуынды етістіктерде ақырғы дауыссыздың екі еселенуі екпін соңғы буынға түскен кезде болады: to com'mit - com'mitting; to re'fer - re'ferring; бірақ: to 'differ - 'differing; to 'limit - 'limiting.

Егер етістік**і** әрпіне аяқталып және алдындағы дауысты қысқа болса, екпіннің соңғы буынға түсу - түспеуіне байланыссыз**і** екі еселенеді.

To com'pel - com'pelling; to 'travel – travelling; бірақ: to con'ceal - con'cealing. **Ie**—re аяқталатын етістіктерде—**ing** жұрнағы алдында **ie** тіркесі **y** әрпімен алмастырбылады: to lie – lying, to tie - tying, to die - dying.

Есімше І етістіктің жақтық емес тұлғасы болып табылады. Етістіктің қасиеттерімен қоса Есімше І-ге сын есім және үстеудің қасиеттері де тән. Соған сәйкес Есімше І сөйлемде анықтауыш пен пысықтауыш рөлдерін орындайды.

Есімше І зат есімге анықтауыш қызметінде жүргенде, мысалға: a sleeping dog, ол қазақ тіліндегі осы және өткен шақтағы «ұйықтап жатқан» және «ұйықтаған» есімшелер мағынасына сай келеді.

Егер Есімше I пысықтауыш қызметін атқарса, онда ол осы және өткен шақтағы көсемшеге сай болады: seeing«көріп», «көре тұра».

Есімше II (Participle II)

Ағылшын тіліндегі барлық етістіктер Есімше II Indefinite тобы өткен шағының құрылу әдісі бойынша екі топқа бөлінеді: дұрыс (Regular Verbs) және бұрыс (Irregular Verbs) етістіктер.

Дұрыс етістіктер Есімше ІІ-ні инфинитив негізіне дауысты дыбыстар мен ұяң дауыссыздардан кейін [d], ал қатаң дауыссыздардан соң [t], [d] мен [t] –дан кейін [ıd] болып дыбысталатын – ed жұрнағын жалғау арқылы жасайды.:

To work – worked

To open – opened To change - changed To play – played To want – wanted To defend- defended

Дұрыс етістіктердің Есімше II формаларын жасау кезінде келесідей орфография ережелерін сақтау қажет:

1) Егер етістік инфинитиві қысқа түбір буын болып және бір дауыссызға аяқталса, онда **–ed** қосылған кезде түбірдегі соңғы дауыссыз екі еселенеді: to sto**p**— sto**pp**ed.

Егер сөз екі буынды болса, онда түбірдің соңғы дауыссыз дыбысы соңғы буынның қысқа және екпін астында болған кезінде екі еселенеді: to o'mit - o'mitted.-

Соңғы—I екпіннің түсу орнына байланыссыз қысқа дауыстыдан кейін әрқашан екі еселенеді: to ex´pel - ex´pelled, to ´travel - ´travelled.

Бірбуынды және екпіні екінші буынға түсетін екібуынды сөздердің түбіріндегі соңғы дауыссыздың екі еселенуі ережесі инфинитивте $-\mathbf{r}$ -геаяқталатын сөздерге де қатысты: to sti \mathbf{r} – sti \mathbf{r} ed , to oc'cu \mathbf{r} - oc'cu \mathbf{r} ed.

2) Егер етістіктің инфинитиві $-\mathbf{y}$ -ға аяқталса, онда $-\mathbf{ed}$ жұрнағы алдында \mathbf{y} әрпі оның алдында дауыссыз келсе,**і**-ге ауысады:

Бірақ: to carry – carried: to play – played

3) Егер етістіктің инфинитиві дыбысталмайтын(дыбыссыз)е әрпіне аяқталса, Есімше ІІ нің жасалуы үшін тек -**d**ғана қосылады:to arrive – arrived Бұрыс етістіктердің Есімше ІІ формасы ерекше құрылады. Бұл құрылу әдісін етістіктің басқа да формаларымен (инфинитивпен және Past Indefinite -пен) бірге жаттау қажет.

Сабақты етістіктерден жасалған Есімше II көсемше формасына ұқсайды. Сөйлемде ол анықтауыш және предикативті мүше қызметін атқарады. Салт етістіктерден құрылған Есімше II сөйлемде өздігінен қызмет атқармайды, ол тек кейбір етістікті формаларды құруда ғана қолданылады.

12-сабақ. Шақтар. Simple (Indefinite) тобындағы шақтар Жай осы шақ (The Present Indefinite Tense)

Форма құраушы

Present Indefinite инфинитив формасынан **to** частицасыз тек жекеше үшінші жақта ерекшеленеді.Бұл жағдайда инфинитив формасына —s жалғауы жалғанады, ол дауысты және ұяң дауыссыздардан кейін - [z], қатаң дауыссыздардан кейін [s] болып оқылады.

Present Indefinite

| Жекеше/ Көпше Жақ | To work | To give | To play |
|--|-----------------------|-----------------------|-----------------------|
| Жекеше { 1-ж 2-ж 3-ж | work work works | give give gives | play play plays |
| Көпше $\left\{ \begin{array}{l} 1\text{-ж} \\ 2\text{-ж} \\ 3\text{-ж} \end{array} \right\}$ | work | give | play |

+у дауыссызына аяқталатын етістіктерде –у әрібі –і әрібіне ауысады да – еs жалғауы жалғанады, бұл жағдайда ол [iz] болып оқылады:

To carry – he carries

Бірнеше дауыссыздар (-sh, -ch, -ss және т.б.) жиыны және аффрикаттардан кейін [z] жалғауы [i]дауыстының көмегімен жалғанады, орфогорафияда ол —es жалғауы.

| Жекеше/ Жақ | Көпше | To wash | To kiss | To catch |
|---------------------------------|--|--------------------------------|--------------------------------|------------------------------------|
| Жекеше ^{<} Көпше | 1-ж 2-ж 3-ж 1-ж 2-ж 3-ж | wash wash washes wash | kiss kiss kisses kiss | catch catch catches catch |

Кейбір етістіктер **Present Indefinite-**тің жекеше 3-жағында ерекше жасалады:

To have - he has to go - he goes

To be – he is to say – he says [sez]

To do – he does

Present Indefinite-те етістіктің сұраулы және болымсыз формаларын құру үшін to do көмекші етістігі қолданылады. Сұраулы сөйлем do (does) + бастауыш + to частицасыз инфинитив етістігі үлгісі бойынша құрылады:

Ескерт у. Ағылшын тілі грамматикасында бұл шақ әдетте "Simple Present" деп аталады.

Do you smoke? What **do** you do in the morning? **Does** he smoke?

Болымсыз сөйлемдерде do eтicтiгi бастауыштан кейiн тұрады, ал одан кейiн **not**болымсызчастицасы және to частицасыз инфинитив eтiстiгi тұрады:

I do not smoke. He does not smoke.

Көмекші етістік пен not қосылғанда don't ['dount] және doesn't ['dʌznt] қысқарған формалар пайда болады.

Ағылшын тіліндегі сұраулы-болымсыз сөйлемдер келесі үлгідегідей:

Doesn't it work? = **Does** it **not** work?

Don't you smoke? = **Do** you **not** smoke?

Мағынасы және қолданылуы

Present Indefiniteкүнделікті болып отыратын, әдеттегі, қайталанып отыратын әрекеттерді білдіру үшін қолданылады. Сондықтан, **Present**

Indefiniteуақытпен шектелмеген, өткен, осы және болашақтағы әрекеттерді білдіреді деп айтуға болады:

They **speak** English well. I **go** to classes every day. She **writes** novels. He always **sleeps** with the windows open.

Мұндай сөйлемдер түрінде әдетте белгісіз шақты білдіретін үстеу,үстеулі тіркестер және шылаулар қолданылады: always, generally, usually, occasionally, never, every day, whenever және т.б.

Present Indefinite әрекетті,мысалы мақал-мәтелдер, онымен қоса «әлемге танымал» дегендерді және тарихи фактілерді білдіру үшін ешқандай белгілі шақпен қолданылмайды:

The Earth moves round the Sun. Make hay while the sun shines. (Салыст.: Темірді ыстық кезінде құй). The Norman Conquest begins in 1066.

Present Indefinite болашақтағы әрекетті білдіруі де мүмкін:

1) уақыт және шартты сөйлемдердің бағыныңқы жағында:

Don't write until I tell you. If you see Mary tomorrow, remember me to her.

2)қозғалыс етістіктерімен:

The train leaves at 7 p.m.

Present Indefinite кейде Present Continuous мағынасында қолданылады:

Present Continuous формасында қолданылатын етістіктермен: бұл – сезіп білу етістіктері (to hear, to see, to notice), онымен қоса ой-сана деңгейін, сезімдер немесе күй-қалып білдіретін етістіктер (мысалы: to like, to love, to understand, to remember, to recognize, to believe, to seem, to belong, to hold және $\tau.б.$):

Don't speak so loud. I hear you well.

Now I understand the use of the Present Continuous Tense.

here немесе there сөздерінен басталатын лепті сөйлемдерде:

Here comes the bus! There goes the bell!

Жай келер шақ (The Future Indefinite Tense)

Форма құрушы

Future Indefinite shall (жекеше және көпше түрдегі 1-жақ үшін) және **will** (жекеше және көпше түрдегі 2 және 3 жақ үшін) көмекші етістіктері және **to** частицасыз инфинтив түріндегі негізгі етістіктің көмегімен жасалады. Ауызекі сөйлеуде барлық жақтарға қатысты **will** көмекші етістігі (немесе оның

қысқарған формасы 'll) жиірек қолданылады: I will take it. I'll take it. He'll take it.

Келер шақта сұраулы сөйлем құрау кезінде **shall** және **will** көмекші етістіктері бастауыштың алдына шығады, ал болымсыз сөйлем құрау кезінде частицасы көмекші етістіктен кейін қойылады. Осыған орай **shan't** және **won't** қысқарған формалар жасалады.

| Болымды сөйлем | Сұраулы сөйлем | Болымсыз сөйлем |
|--------------------------|---------------------------------|---------------------------|
| I (we) shall work | Shall I (we) work? | I (we) shan't work |
| He] | (he) | Не |
| She will work | Will $\{$ she $\}$ work? | She won't work |
| It 5 | Lit J | It |
| You will work | Will ∫you \work? | You won't work |
| They | they \(\) | They |

Сұраулы-болымсыз сөйлем

Shan't we go there? Shall we not go there?

Won't they wait for us? Will they not wait for us?

Ескерту. Заманауи ағылшын тілінде сұраулы-болымсыз форманың толық нұсқасы сирек қолданылады.

Мағынасы және қолданылуы

Future Indefinite осы шақтан кейін, ешқандай уақыт шектеуінсіз және болашықта белгілі кезге қарай аяқталуы күтілмейтін әрекетті білдіреді:

This bus will take you to the main street.

I'll dine at the self-service canteen at their office.

Future Indefinite қазақ тіліне жай келер шақ болып аударылады.

Future Indefinite уақыт пен шартты бағыныңқы сөйлемде қолданылмайды, яғни when, before, after, till, until, as long as, as soon as, if, unless, in case және т.б. союз сөздерінен кейін. Осы түрдегі мағынаны келер шақта бағыныңқы сөйлемде білдіру үшін Present Indefinite қолданылады:

I'll talk to him when he comes.

If you are free, come and help me on Tuesday.

Е с к е р т у. 1.**If**немесе **when**қосымша бағыныңқы сөйлем тудырып тұрса, онда келер шақ олардан кейін ортақ ереже бойынша қолданылады:

Ask him when he will begin his course of lectures.

2.when белгілі бір бағыныңқы сөйлем тудырып тұрғанда келер шақ қолданылады:

I'll wait for the time when she will become a grown-up-person.

Жай өткен шақ (The Past Indefinite Tense)

Формажасам

Дұрыс етістіктер Past Indefinite шағын дауысты және ұяң дауыссыздардан кейін [d]жұрнағы арқылы, қатаң дауыссыздардан кейін [t], [d] мен [t] дыбыстарынан кейін [id]жұрнағы арқылы жасайды. Орфографияда жұрнақтардың үш варианты —ed (-d) деп белгіленеді. Сонымен Past Indefinite дұрыс етістіктер формасы әрқашан Есімше II формасына ұқсас:

To carry – carried – carried

To stop – stopped – stopped

Past Indefiniteшағын құруда Есімше II – ні құрғандағы орфографиялық ережелер сақталады.

Бұрыс етістіктердің Past Indefinite шағы Есімше II сияқты қатып қалған, дәстүрлі бекітілген форманы білдіреді. Бұл форма инфинитивпен салыстырғанда дауыстылар немесе дауыссыздардың кейде екеуінің де өзгерісімен немесе форманың өзгеріссіздігімен сипатталады:

To write – wrote – written

To build – built – built

To sell - sold - sold

To put - put - put

Past Indefinite-тегі етістіктің сұраулы формасын білдіру үшін өткен шақ формасындағы **do** көмекші етістігі қоладанылады.

Did you **enjoy** the trip?

Етістіктің болымсыз формасын жасау үшін **not**жалғаулығымен бірге бастауыш пен мағыналық етістіктің инфинитиві арасына қойылатын өткен шақтағы **do**eтістігі қолданылады:

I didn't feel well yesterday.

Мағынасы мен қолданылуы

Past Indefinite өткенде болған іс-әрекетті білдіру үшін қолданылады. Әрекеттің өткенге қатыстылығы yesterday, last week, ten days ago, in 1957, from 1941to 1943, etc. әдетте сияқты уақыт пысықтауыштары арқылы көрсетіледі:

He lived in Saratov during the war. She wrote her last novel in 1955.

Сонымен қатар Past Indefinite өткендегі болған оқиғалардың сипаттамасы кезінде әрекеттердің бірізділігін көрсету үшін қолданылады:

She woke up, washed, had breakfast, and went to the University.

Past Indefinite аяқталған және аяқталмаған түрлердің өткен шағымен аударылады:

She visited the Tretyakov Gallery three days ago. Үш күн бұрын ол Третьяков галереясына барып қайтты.

When she lived in Moskow, she often visited the Tretyakov Gallery. Мәскеуде тұрған кезінде ол Третьяков галереясына жиі барып тұратын.

13-сабақ. Continuous тобындағы шақтар Созылыңқы осы шақ (The Present Continuous Tense)

Құрылу формасы

Present Continuousocы шақта**to be**көмекші етістігі және мағыналы етістіктің есімше I арқылы жасалады.

Болымды формасы


Сұраулы формасы



Болымсыз формасы

I amnot working

Сұраулы болымсыз формасы



Е с к е р т у. Ағылшын грамматикаларында әдетте **Continuous** тобының шақтарын «Progressive» деп атайды.

Қолданыстағы мәні

Present Continuous әңгіме барысындағы әрекетті білдіру үшін қолданылады:

What **are** you **doing**? – I **am reading** a book.

Look! The boys are playing tennis in the park.

Present Continuous онымен қоса осы шақта болып жатқан, бірақ әдеттегі емес болып саналатын әрекеттерді білдіруүшін қолданылады:

This week we are starting work at 10 o'clock. Осы жұмада біз жұмысты сағат 10-да бастаймыз (уақытша).

Present Continuous болып жатқаноқиғаны, яғни әлі аяқталмаған әрекетті білдіре алады,:

He **is writing** a book about animals. Ол (қазір) жануарлар жайында кітап жазып жатыр.

Present Continuous (to go, to come, to leave және т.б.) қозғалыс етістіктерімен алдағы болатын әрекеттерді білдіруүшін қолданылады:

He is coming here next Sunday. Ол мұнда келесі жұмада келеді.

Present Continuous онымен қоса жиі қайталанып отыратын әрекетті білдіреді және always, continually, constantly үстеулерімен тіркесе қолданылады:

Architects **are** constantly **trying** to design better houses.

Кейбір лексикалық топтардың етістіктері ережеге сәйкес Continuous тобының шақтарында қолданылмайды. Мұнда жататындар:

- a) сезіп білу етістіктері to see, to hear, to feel, to smell, to notice.
- б) ақыл-ойға қатысты етістіктер to know, to understand, to forget, to believe, to think.
 - в) қалау етістіктері to want, to wish, to desire.
 - Γ) сезімді білдіретін етістіктер to love, to like, to hate, to care.
- д) «көріну» мағынасын беретін етістіктер to seem, to appear, to look, to resemble.

Дегенмен, бірінші және екінші топтың етістіктері Continuous формасына кейде өзекті әрекеттерді білдіру үшін қолданылады. Мысалы:

How are you feeling today?

I can't say what she is seeing.

Созылыңқы келер шақ (The Future Continuous Tense)

Форма құрушы

Future Continuous –тегі **to be** етістігі мен негізгі етістіктің есімше І арқылы жасалады:

Болымды сөйлем Сұраулы сөйлем Болымсыз сөйлем

I shall be working. Shall I be working? I shall not (shan't) be

working.

He will be working? He will not (won't)

be working.

Сұраулы-болымсыз сөйлем

Shan't I be working? Won't he be working?

Мағынасы мен қолданылуы

1.Future Continuous келер шақта болып жатқан немесе өткен шақтың белгілі бір шектелген уақыт аралсығында жалғасып жатқан әрекетті білдіреді. Келер шақтағы бұл кезең уақыт пысықтауышы немесе келер шақтың басқа да әрекетімен түсіндіріледі:

At this time tomorrow I shall be working at the language laboratory.

When you come I shall be packing things.

Future Continuousонымен қоса жалғасуы белгілі бір уақыт аралығымен шектеулі әрекетті білдіреді:

Tomorrow from 5 till 6 I shall be watching a TV program.

Уақыт пен шартты бағыныңқы сөйлемдерде келер шақты білдіру үшін Present Continuous қолданылады:

If it **is raining** we shall not go out.

2.Заманауи ағылшын тілінде **Future Continuous** тағы келер шақтағы мақсатты әрекетті білдіру үшін қолданылады:

I shall be visiting Moscow in February (i.e. I intend to visit Moscow in February).

Future Continuous сұраулы сөйлемдерде болашақтағы қарапайым әрекеттердің жоспарларын білдіру үшін қолданылады:

Will you be calling on the Orlovs white you are in Moscow?

Созылынкы өткен шак

(The Past Continuous Tense)

Форма құраушы

Past Continuous Past Indefinite-тегі to be көмекші етістігі мен негізгі етістіктің есімше І арқылы жасалады.

Болымды сөйлемСұраулы сөйлемБолымсыз сөйлемI was speaking.Was I speaking?I wasn't speaking.We were speaking.Were we speaking?We weren't speaking.

Сұраулы-болымсыз сөйлем

Was I not speaking? (Wasn't I speaking?)

Were we not speaking? (Weren't we speaking?)

Мағынасы мен қолданылуы

Past Continuous өткен шақта болып жатқан немесе өткен шақтың белгілі бір шектелген уақыт аралсығында жалғасып жатқан әрекетті білдіреді.

Past Continuous эрқашан үйлеседі:

а) өткен шақтағы белгілі бір кезеңмен. **Past Continuous** формасы арқылы берілген әрекетке қатысты өткен шақтағы кезең үрдіс ретінде қарастырылып, әдетте уақыт пысықтауышы немесе басқа өткен шақтың көмегімен түсіндіріледі:

Yesterday at 5 o'clock I was doing my homework.

We were reading the newspaper when you rang me up.

б) өткен шақтағы шектелген уақыт аралығымен:

She was listening in all evening.

He was writing from 5 till 6.

Past Continuous-ты өткен шақтағы шектелген уақыт аралығын көрсететін уақыт пысықтауышымен қолданған кезде, «сөйлеуші» әрекеттің үрдісін айқындай түседі, яғни әрекеттің белгілі бір уақыт аралығында жалғасқанын көрсетеді.

Е с к е р т у. Осы соңғы жағдайда, егер «сөйлеуші» әрекеттің өту ұзақтығын айқындамай, тек әркеттің болғаны жайлы хабарласа, онда Past Indefinite-ті де қолдануға болады:

She **listened in** yesterday from 5 till 6.

Past Continuous always және constantly үстеулері бар сөйлемдерде қолданыла алады. Бұл жағдайда Past Continuous Present Continuous сияқты қайталанып отыратын әрекетті білдіреді, тек өткен шақта:

She was always talking at the lessons last term.

Өткен семестрде ол сабақ үстінде үнемі сөйлеп отыратын.

Past Continuous қазақ тіліне әрқашан созылыңқы өткен шақ болып аударылады.

Past Continuous-те Present Continuous-тың етістіктері қолданылмайды.

14-сабак.

Perfect тобындағы шақтар Осы аяқталған шақ (The Present Perfect Tense)

Формажасам

The Present Perfect Tense осы шақтағы to have көмекші етістігі және Есімше II мағыналық етістігі арқылы жасалады.

Сұраулы сөйлемде to have көмекші етістігі бастауыш алдында орналасады; етістіктің болымсыз формасын жасау үшін to haveкөмекші етістігінен кейін **not** демеулік шылауы қойылады:

| Болымды | Сұраулы | Болымсыз |
|------------------------|--------------------|--------------------|
| сөйлемдер | сөйлемдер | сөйлемдер |
| His pupils have | Have his pupils | His pupils haven't |
| made good prog- | made good progress | made good |
| ress lately. | lately? | progress lately. |

| I have seen a good | Have you seen | I haven'tseen any |
|--------------------|-------------------------|--------------------------|
| film recently. | any good film recently? | good film recently. |

Мағынасы

Present Perfect осы сәтке дейін аяқталған және нәтижесі қазіргі кезде байқалатын іс-әрекетті білдіреді (Present Perfect Exclusive):

I have lost my exercise-book(and now I am unable to prepare my homework).

I have comeout without my watch(and now I don't know the time).

2. Present Perfect өткенде бастау алып, кей уақытқа дейін тіпті осы сәтке дейін жалғасып келе жатқан және кейде сөйлеу сәтінде жалғасып жататын әрекетті білдіреді (Present Perfect Inclusive):

He **has lived** in this street for five years.

They haven't seen us since the end of October.

Колданылуы

Өзінің негізгі мағыналарына сай Present Perfect сөйлемде келесідей ережелер бойынша қолданылады:

- 1) Сөйлеушіні әрекеттің болған уақыты емес, тек әрекеттің сөйлеу сәтіне дейін аяқталғаны маңызды болғанда. Бұл жағдайда сөйлемде не уақыт пысықтауышы жоқ (а) не ол жиілілік үстеуімен берілген(ә) әлде белгісіз уақыт (б):
- (a) I have seen this play. Мен бұл қойылымды көрдім.
- (ә) I have seen this play twice. Мен бұл қойылымды екі рет көрдім.
- (б) They **have** *just* **arrived**. Олар жаңа ғана келді.

Бұл жағдайда Present Perfect аяқталған түрдің өткен шағымен аударылады. Келесі белгісіз уақыт және жиілілік үстеулері әдетте Present Perfect шағымен қолданылады: already «әлдеқашан», «енді»(болымды сөйлемдерде); yet «енді», «әлі» (болымсыз және сұраулы сөйлемдерде); ever «күнінде күнінде», «бір

кезде»; never «ешқашан»; lately «жуырда», «жақында» ; recently «жуырда», «жақында»; of late «жақында», «жуырда», just « жаңа ғана» (болымды сөйлемде); seldom «жиі»; twice «екі рет»; three times «үш рет», etc.; many times «көп рет»; so far « әлі күнге дейін».

2) Әрекеттің ұзақтығының барлық периоды белгіленгенде немесе қай уақыттан басталғаны көрсетілгенде. Екі жағдайда да сөйлемде уақыт пысықтауышы бар және бірінші жағдайда ол **for** «бойы» предлогы бар предлогты тіркесімен, екінші мысалда **since** «содан бері», «сол уақыттан бері » (көбінесе **ever since** «дәл сол кезден бері») үстеуімен, **since** «бері» предлогы бар предлогты тіркесімен, **since** «кезден бері» жалғаулығы бар бағыныңқы сөйлеммен берілген:

I **haven't heard** from him since I came to Moscow in 1982. Мен одан Мәскеуге 1982 жылы келгелі бері хабар алмағанмын.

Have you since him ever since? Сіз оны сол кезден бері көргенсіз бе?

I **have stayed** at my aunt's since my arrival. Мен келгелі бері тәтемнің үйінде тұрып жатырмын.

She hasn't played tennis for five months. Ол 5 ай бойы теннис ойнаған жоқ.

Бұл жағдайда Present Perfect әдетте аяқталмаған түрдің осы немесе өткен шағымен аударылады.

3) Уақыт пысықтауышы **this** есімдігі мен зат есімнің тіркесімен берілген сөйлемдерде: this year, this month, this term, this morning, this afternoon, т.б. Бұндай сөйлемдерде Present Perfect көрсетілген уақыт аралығы әлі аяқталмағанда қолданылады:

He **has fallen** and **hurt** his arm this morning. Бүгін таңертең ол құлап, қолын сындырып алды (Егер таңертең деп айтылса).

Present Perfect пен Past Indefinite арасындағы айырмашылықтар.

1. Present Perfect әдетте сөйлеу сәтіне тікелей қатысы бар әрекетті білдіру үшін қолданылады (іс-әрекет аяқталды, ал оның нәтижесі осы шақта білініп тұр немесе әрекет сөйлеу сәтіне дейін созылды және сол сәтте жаоғасып жатуы мүмкін).

Past Indefinite толықтай өткен шаққа қатысты әрекетті білдіреді. Салыстырыңыз:

I have bought a new hat. He has stayed at this hotel for three days.

Бірақ: I bought a new hat yesterday. Last year I stayed at this hotel for three days.

2. Present Perfect **never, ever, lately, of late, already, yet, just, seldom, twice**, etc. тәрізді үстеулермен қолданылады:

I havenevermet him.

Past Indefinite өткендегі бір уақыт аралығын көрсететін пысықтауыштармен қолданылады: last week, five years ago, in 1957, from 1941 to 1945, yesterday, etc.

3. Present Perfect жиі**how long** сөзінен басталатын сұрақтарда қолданылады; Past Indefinite әрқашан **when** сөзінен басталатын сұрақтарда қолданылады: **How long** have you used this razor? **When** did you use this razor?

Аяқталған келер шақ (The Future Perfect Tense)

Форма құрушы

Future Perfect Future Indefinite-тегі to have көмекші етістігі мен негізгі етістіктің есімше II арқылы жасалады.

Болымды сөйлем Сұраулы сөйлем Болымсыз сөйлем

I shall have done it. Shall I have done it? I shan't have done it.

He will have done it. Will he have done it? He won't have done it.

Сұраулы-болымсыз сөйлем

Shan't I have done it?

Won't he have done it?

Мағынасы мен қолданылуы

1.**Future Perfect** келер шақта белгілі бір кезеңге қарай аяқталған әрекетті білдіру үшін қолданылады. Келер шақтағы бұл кезең әдетте by предлогы бар уақыт пысықтауышы немесе келер шақтың басқа да әрекетімен түсіндіріледі:

We **shall have packed** all the things by the time you call on us (or: by 6 o'clock).

Уақыт пен шартты бағыныңқы сөйлемдерде келер шақтағы аяқталған әрекетті білдіру үшін Present Perfect қолданылады:

Wait till **I have finished** my work.

3. Continuous формасы жоқ етістіктер Future Perfect формасында келер шақтағы белгілі бір кезеңге дейін басталған, біршама уақыт аралығында жалғасып және берілген кезеңде де жалғасуы мүмкін әрекетті білдіру үшін қолданылады. Бұл жағдайда сөйлемде әдетте екі пысықтауыш болады: бірі – for предлогы бар зат есімнен болған және әрекеттің толық жалғасу уақыт аралығын білдіреді, ал екіншісі – by предлогы бар зат есімнен болған немесе келер шақта бір кезеңге дейін жалғасатын әрекетті білдіретін бағыныңқы сөйлеммен:

We **shall have lived** in Petersburg for 25 years by next winter.

He will have known me for ten years (by the time) when he retires.

Аяқталған өткен шақ

(The Past Perfect Tense)

Форма құрушы

Past Perfect Past Indefinite-тегі **to have** көмекші етістігі және негізгі етістіктің есімше ІІ арқылы жасалады.

Болымды сөйлемСұраулы сөйлемБолымсыз сөйлемI had done it.Had I done it?I hadn't done it.We had done it.Had we done it?We hadn't done it.

Сұраулы-болымсыз сөйлем

Hadn't he done it?
Had not he done it?
Had not they done it?
Had not they done it?

Мағынасы мен қолданылуы

1.**Past Perfect** өткен шақта белгілі бір кезеңге қарай аяқталған әрекетті білдіру үшін қолданылады. **Past Perfect** –ке қатысты өткен шақтағы кезең әдетте **by** предлогы бар зат есімнен болған уақыт пысықтауышымен немесе өткен шақтағы басқа әрекетпен түсіндіріледі. Бұл жағдайда **Past Perfect** жиі жай шақтың **already, just, yet** үстеулерімен тіркесе қолданылады:

When I got home, my sister had already gone to the concert.

We left the house. The sun had just set.

By 6 o'clock we had not yet packed all the things

2.**Past Perfect** өткен шақтағы әрекеттен бұрын болған әрекетті білдіру үшін қолданылады:

I saw at once that the students **had improved** their pronunciation.

3. Continuous формасы жоқ етістіктер өткен шақтағы әрекеттен бұрын болған, өткен шақта біраз уақыт аралығында жалғасып, өткен щақтағы белгілі бір кезеңде жалғасуы мүмкін әрекетті білдіру үшін қолданылады. Бұл жағдайда сөйлемде әрекеттің немесе кезеңнің басталғанынан бастап барлық жалғасқан уақыт аралығын білдіретін уақыт пысықтауышы орын алады:

When we parted we **had known** each other already *for five years* (or: *since* 1982).

Past Perfect эсіресе жиі құрамалас бағыныңқы сабақтас сөйлемдерде when, before, after, until, by the time, now that, as soon asуақыт, бастауыш союздарымен қолданылады:

I had studied English for five years before I entered the University.

I could go to the sanatorium only *after* I **had passed** all the exams.

Е с к е р т у. **Past Perfect** –пен қатар **after** союзынан кейін Past Indefinite қолданылуы мүмкін, себебі союздың алдағыны білдіретін қасиеті бар.

Hardly ... when, scarcely ... when, no sooner ... than күрделі союздары бар сөйлемің басты сөйлемінде - Past Perfect, ал бағыныңқы сөйлемінде Past Indefinite қолданылады:

I **had** *hardly* **read** the first text *when* my friend **rang** me **up**. Бірінші мәтінді оқып тастайын деп едім, досым хабарласты.

Erep hardly, no sooner, scarcely басты сөйлемнің басында тұрса, онда Past Perfect формасының көмекші етістігі бастауыштың алдында болады:

No sooner had I heard this news than I started running home. Бұл жайлы ести салысымен, бірден үйге жүгіріп келдім.

15-сабақ. Perfect Continuous тобындағы шақтар

Форма құрушы

Perfect Continuous тобының шақтары Present, Past немесе Future Perfect-тегі to be көмекші етістігі мен негізгі етістіктің есімше І арқылы жасалады.

| Present | Perfect | Past Perfect | Future Perfect |
|-----------------|---------|----------------------------|------------------------------|
| Continuous | | Continuous | Continuous |
| I (we, you, the | y) have | I (we, she, it, you, they) | I (we) shall have been |
| been working. | | had been working. | working. |
| _ | | | |
| He (she, it) ha | as been | | He (she, it, you, they) will |
| working. | | | have been working. |

Сұраулы форма бірінші көмекші етістіктің бастауыш алдына қойылуымен жасалады. Мысалы:

Have you **been working** at this factory since January?

How long had he been studying English when he took up German?

How long will they have been sleeping when the clock strikes eleven?

Болымсыз форма бірінші көмекші етістіктен кейін not частицасы қосылуымен жасалады:

We have not (haven't) been reading.

We had not (hadn't) been reading.

We shall not (shan't) have been reading.

Мағынасы мен қолданылуы

1.Present Perfect Continuous «сөйлеушінің» сөзіне дейін басталып, белгілі бір уақыт арасында жалғасып, «сөйлеушінің» сөзі барысында болып жатқан әрекетті білдіру үшін қолданылады:

He has been teaching this class for two years.

Present Perfect Continuous қазақ тіліне осы шақ немесе өткен шақтың көмегімен аударылады:

I **have been knitting** since 5 o'clock. Мен сағат 5-тен бері *тоқып отырмын*. How long **has** she **been working** at this office? Ол мына мекемеде қанша уақыттан бері жұмыс істейді?

I feel tired as I **have been working** in the garden for several hours. Бірнеше сағат бойы бақшада *жұмыс істегендіктен*, мен шаршадым.

Present Perfect Continuous—ті қолданғанда, ережеге сәйкес, әрекеттің жүру барысының барлық уақыт аралығы түсіндіріледі. Осы уақыт аралығын көрсету үшін for және since предлогтары бар пысықтауышты топтар, since, ever since үстеулері және бастаушы since союзы бар бағыныңқы сөйлемдер қолданылады. How long және since when деп басталатын сұрақтарда әрқашан Present Perfect Continuous қолданылады:

He has been playing the piano for the last two hours.

They have been watching television since seven o'clock.

I have been using this dictionary since I began to learn English.

How long have you been staying here?

Кейбір етістіктер (мыссалы: to tell, to meet, to take, to bring) **Present Perfect Continuous** формасында тұрып, қайталанатын, көп дүркін әрекетті білдіреді:

I have been meeting him on my way home lately.

Е с к е р т у. 1. **Continuous** формасы жоқ етістіктер (to know, to be, to understand және т.б.) **Perfect Continuous** формасында да қолданылмайды:

How long have you known him?

2.to live, to work, to stay етістіктері аналогиялық жағдайда **Present Perfect** формасында да және **Present Perfect Continuous** формасында да қолданыла алады. Бұл «сөйлеушінің» қалауына байланысты: егер «сөйлеуші» әрекеттің ұзақтығын айқындағысы келсе, онда **Present Perfect Continuous**, ал егер әрекет етудің фактісін айтса, онда **Present Perfect:**

I **have been living** in Petersburg for 15 years.

Мен Петербургте 15 жыл тұрамын.

I have lived in Petersburg for 15 years.

2.**Past Perfect Continuous** өткен шақта белгілі бір кезеңге дейін басталып, біраз уақыт аралығында болып өтіп, өткен шақтағы берілген кезеңге немесе әрекетке қарай аяқталып, немесе өткен шақта берілген кезеңде жалғасатын әрекетті білдіру үшін қолданылады:

The telephone had been ringing for three minutes before I answered it.

When I got to the meeting, the lecturer **had** already **been speaking** for half an hour.

Past Perfect Continuous Present Perfect Continuous—ке сай әрекеттің ұзақтығының уақытын айқындау әдістерінде (for, since предлогтары, since, ever since устеулері, since союзы) қолданылады.

Continuous формасында қолданылмайтын етістіктер (to be, to know, to love, to understand және т.б.) **Past Perfect Continuous** формасында да қолданыла алмайлы:

As I **had known** him for nearly ten years I was able to recommend him as a very experienced teacher.

3.**Future Perfect Continuous** келер шақта белгілі бір кезеңге дейін басталып, біраз уақыт аралығында жалғасып, әлі де келер шақтағы белгілі бір кезеңде жалғасатын әрекетті білдіреді:

On April 2nd next year we **shall have been living** in this house exactly twenty years.

Қазіргі ағылшын тілінде **Future Perfect Continuous** айтарлықтай сирек қолданылады.

Continuous, Perfect және Perfect Continuous топтарының шақтарын салыстыру

Continuous тобының шақтары осы, өткен және келер шақта көрсетілген уақытта жалғасатын әрекетті білдіру үшін қолданылады:

Our bus **is** now **crossing** the bridge.

Perfect тобының шақтары осы, өткен және келер шақта белгілі бір кезеңге қарай аяқталатын әрекетті білдіру үшін қолданылады:

She **has** already **laid** the table.

Perfect Continuous тобының шақтары осы, өткен және келер шақта белгілі бір уақыт аралығынан көрсетілген кезеңге дейін жалғасқан әрекетті білдіреді:

She has been staying at her aunt's for a fortnight now.

Негізгі етістегі шақтардың кестесі

| Indefinite | Continuous | Perfect | Perfect Continuous |
|------------|------------|---------|---------------------------|
| | | | |

| Present | I work | I am working | | Ił | nave wo | orked | I | have bo | een wo | rking |
|---------|--------------|--------------------|----|----|----------------|-------|---|-----------------|--------|-------|
| Past | I worked | I was working | 9 | Ιŀ | nad wo | rked | I | had be | en wor | king |
| Future | I shall work | I shall working | be | | shall orked | have | | shall orking | | been |

16-сабақ. Сын есімнің шырайлары (The Degrees of Comparison)

Ағылшын тілінде сын есімнің зат есім сияқты қасиеттері жоқ. Оның бір ғана сөз тудырушысы – шырайлары(The Degrees of Comparison) бар. Сын есімнің шырайлары сапалық сын есімнен негізгі түрде жасалады:

Сын есімнің үш шырайлары бар: жай шырай (the Positive Degree), салыстырмалы шырай (the Comparative Degree), күшейтпелі шырай (the Superlative Degree).

Ағылшын тілінде сын есімнің салыстырмалы және күшейтпелі шырайлары жай шырайларынан –ег және –еst жұрнақтарының көмегімен және үстеудің салыстырмалы және күшейтпелі шырайы much: more және most арқылыжасалады.

Шырайлардың жасалуының синтетикалық әдісі:

Бір буынды сын есімдер (ережеден тыс: right, wrong және reai):

| Жай шырай | Салыстырмалы шырай | Күшейтпелі шырай |
|-----------|--------------------|------------------|
| Long | longer | (the) longest |
| Big | bigger | (the) biggest |
| Dry | drier | (the) driest |
| Few | fewer | (the) fewest |
| Far | farther | (the) farthest |

Дауысты дыбысқа немесе сөз тудырушы сонанттан аяқталатын екі буынды сын есімдер:

| Happy | happier | (the) happiest |
|--------|----------|-----------------|
| Pretty | prettier | (the) prettiest |
| Narrow | narrower | (the) narrowest |
| Clever | cleverer | (the) cleverest |
| Simple | simpler | (the) simplest |

Екінші буынында екпіні бар екі буынды сын есімдер:

Complete completer (the) completest Polite politer (the) politest

Бірақ, осымен қоса: more polite, (the) most polite

Барлық көпбуынды және кейбір екі буынды сын есімдер шырайлары more және most арқылы жасалады:

Hopeful more hopeful (the) most hopeful
Beautiful more beautiful (the) most beautiful
Interesting more interesting (the) most interesting

Ағылшын тілінде кейбір сын есімдердің шырайларының тіл дамуының ертерек кезеңдерінен қалған супплетивті формалары сақталған. Бұл топқа келесі сын есімдер жатады:

Жай шырай Салыстырмалы шырай Күшейтпелі шырай Good better (the) best Bad (the) worst worse Little (the) least less Much (the) most more Many Far (the) furthest further

Far further (the) furthest Farther (the) farthest

Old сын есімінің екі шырай формасы бар: older – (the) oldest, elder – (the) eldest.

Elder және eldest формалары жанұядағы, онымен қоса әулет үлкені немесе дәулеті жоғарының үлкендігін анықтау үшін ғана қолданылады. Қалған барлық жағдайларда **older** – **(the) oldest**форрмалары қолданылады. Олар сөйлемде анықтауыш та, предикативті мүше де бола алады:

My elder brother is six years older than I am.

Mr Brown is the eldest and most respected member of this society.

Moscow is older than Leningrad.

Сапалары бірдей екі затты салыстырғанда, аѕ...аѕ союзы қолданылады:

This boy is as tall as your son.

It is as hot in the Crimea as it is in the Caucasus.

Берілген сапаға қатысты салыстырмалы екі зат бірдей болмаса, онда салыстыру былай беріледі:

Болымсыз сөйлемдерде so...as, as...as союздарымен:

I am not as tired as you are.

There is not so much rain in June as there is in May.

This room is not so big as that one.

Than союзымен:

You are more diligent than Paul.

Салыстырмалы шырайды much көмегімен күшейтуге болады: You are much more diligent than Paul.

Шырайларды құру кезінде келесідей орфографиялық ережелер сақталады:

Түбірінде қысқа дауысты дыбысы бар бір буынды сын есімдердің соңғы әрібі қосарланады:

Big – bigger – (the) biggest

Red - redder - (the) reddest

Соңындағы айтылмайтын –е түсіп қалады:

Brave – braver - (the) bravest

Nice – nicer - (the) nicest

Соңғы –у әрібі, одан кейін дауыссыз келетін болса –і ауысады:

Busy – busier - (the) busiest

Easy – easier - (the) easiest

-у әрібі одан кейін дауысты келетін болса, өзгермейді:

Gay – gayer - (the) gayest

17-сабақ. Үстеу

Қазіргі ағылшын тілінде үстеудің продуктивті жұрнағы

-ly болып табылады. Бұл жұрнақ көмегімен сын есімнен мынадай үстеулер туындайды:

wide – widely

easy – easily

comfortable – comfortably

Қазіргі ағылшын тілінде басқа жұрнақтары бар үстеулер саны біршама: sideways, crosswise, backwards, forwards, homewards және т.б.

Кей кезде —**ly** жұрнағының жалғануы сөз мағынасының өзгеруіне әкеледі. Салыстырыңыз:

Near жақын – nearly дерлік, таяу

Hard қатты – hardly әрең

Көптеген үстеулердің қатары формалары бойынша сәйкесінше сын есімдерге ұқсас келеді:

Fast шапшаң – fast шапшаң

Straight түзу – straight түзу

Кей үстеулерде бірдей мағынадағы екі формалары (суффиксті және суффиксіз) болады: quick, quickly; cheap, cheaply; sound, soundly; bright, brightly; fair, fairly(әділ); loud, loudly.

Алайда — Іу жұрнағымен және жұрнақсыз бірыңғай үстеулердің мағыналары басқа да болуы мүмкін. Салыстырыңыз: late -кеш, lately - жуырда, pretty - біршама, prettily - әдемі, deep —терең(төмен), deeply — өте, терең(сезім жайлы), dear — қымбат(баға), dearly —қатты (сезім жайлы).

Ескерту: Есім құрамды баяндауыш құрамында жүретін to feel, to look, to smell, т.б. жалғаулық етістіктерімен әрқашан сын есім қолданылады:

The rose smells sweet. Payшанның иісі керемет. Бөлме жинаулы көрінеді. He looks **well**. Oның дені сау көрінеді.

I feel bad!

Мен өзімді нашар сезінемін.

Мынаған назар салыңыз: Соңғы сөйлемге дейінгі мысалда well сын есім болып табылады. Well сын есімі тек есім құрамды баяндауыштың предикативті мүшесі позициясында қолданылады.

Сын есім сияқты үстеудің де шырай формалары бар. Бірбуынды үстеулер салыстырмалы шырай формасын - **er** [ə] жұрнағы көмегімен және асырмалы шырайды –**est** [ıst] жұранағы арқылы құрады:

hard – harder – hardest

quick – quicker – quickest

near – nearer – nearest

Екі не одан да көп буыннан құралған үстеулер шырай формаларын **much**үстеуінің салыстырмалы және асырмалы шырай формалары арқылы жасайды.

heartily – more heartily - most heartily

Ескерту: Екі буынды үстеулер ішінен тек early және often ғана шырай формаларын –er және – est жұрнақтары арқылы жасайды:

Early – earlier – earliest often – oftener – oftenest

Кей үстеулер шырай формаларын ерекше жолмен құрады. Оларды есте сақтаған жөн:

well(good) – better – best much – more – most badly (bad) - worse – worst farther – farthest little – less – least far further – furthest

18-сабақ. Етіс (Voice)

Ағылшын тілінде етістіктің екі етісі бар: негізгі етіс (the Active Voice) және ырықсыз етіс (the Passive Voice).

Егер сөйлемде бастауыш әрекет етуші тұлға немесе зат болса, онда етістік негізгі етісте болады:

Mr Smith teaches this class.

Егер сөйлемде бастауыш рөліндегі тұлғаға немесе затқа етістікбаяндауыш әрекетті бағыттап тұрса, онда етістік ырықсыз етісте болады:

This class is taught by Mr Smith.

Ырықсыз етіс сәйкес түр-шақтағы to be етістігі мен негізгі етістіктің есімше ІІ арқылы жасалады.

Ырықсыз етістегі етістіктің түр-шақтар формасының кестесі

| | Present | , | | Past | | | Future | e | |
|------------|----------|----------------|-------|---------|---------|------|--------|---------------|---------|
| Indefinite | This | class | is | This | class | was | This c | lass w | vill be |
| | taught | by | Mr | taught | by | Mr | taught | by | Mr |
| | Smith. | | | Smith. | | | Smith. | | |
| Continuous | This cla | ss is l | oeing | This | class | was | - | | |
| | taught | by | Mr | being | taugh | t by | | | |
| | Smith. | | | Mr Sm | ith. | | | | |
| Perfect | This | class | has | This | class | had | This | class | will |
| | been ta | ught b | y Mr | been ta | aught b | y Mr | have b | een t | aught |
| | Smith. | | | Smith. | | | by Mr | Smith. | |

Е с к е р т у. 1. Кестеде көрсетілгендей, **Future Continuous** ырықсыз етісте қолданылмайды. **Future Continuous Passive** болмағандықтан оның орнына **Future ContinuousActive**қолданылады:

When you come here in summer, they will be repairing our house. Сен бізге жазда келгенде, біздің үйіміз жөнделіп жатады.

Perfect Continuous тобының шақтары ырықсыз етісте қолданылмайды. Олардың орнына ырықсыз етісте сәйкес **Perfect** тобының шақтары немесе негізгі етістегі етістікпен қала береді:

Our class has been taught by this teacher for five years.

This teacher has been teaching our class for five years.

Ырықсыз етісте сұраулы форма жасағанда, бірінші көмекші етістік бастауыштың алдына қойылады:

Is this class taught by Mr Smith?

Will this class be taught by Mr Smith?

Ырықсыз етісте болымсыз форма жасағанда, not болымсыз частицасы бірінші көмекші етістіктен кейін қойылады:

This class is not taught by Mr Smith.

This class has not been taught by Mr Smith.

Ырықсыз етістегі етістіктің түр-шақтар формалары негізгі етістегі сай формалар қолдану ережесіне сәйкес қолданылады.

Модаль етістіктерінен кейінгі ырықсыз әрекетті білдіру үшін to be инфинитивті етістігі мен негізгі етістіктің есімше ІІ қолданылады:

The boy **must be taught** mathematics.

Ырықсыз етісте етістік-баяндауыштан болған әрекетті іске асырушы by немесе with предлогтары бар жалғаулы толықтауышпен түсіндіріледі. Ву предлогы бар толықтауыш әрекет етуші тұлғаны немесе әрекет етуші күшті

түсіндіреді, ал with предлогы бар толықтауыш әрекетті іске асыратын затты білдіреді:

The fire was put out by the firemen (by the rain). The fire was put out with water.

Ырықсыз етісте әрекетті іске асырушыға сілтеуі жоқ етістік-баяндауышы бар сөйлемдер ағылшын тіліне сай:

English is spoken here. Мұнда ағылшынша сөйлеседі.

Ағылшын тілінде ырықсыз етістің қолданылу ерекшеліктері

Ағылшын тілінде предлогтармен бірге қолданылатын барлық етістіктер ырықсыз етісте бола алады. Мысалы:

| To speak of (about) | to depend on | to listen to |
|---------------------|----------------|-------------------|
| To look at (after) | to comment on | to send for |
| To care for | to insist on | to wait for |
| To agree upon | to laugh at | to dream of |
| To arrive at | to provide for | to think of, etc. |
| To rely on | to object to | |
| To refer to | to operate on | |

Осы етістіктерді ырықсыз етісте қолданған кезде, предлог міндетті түрде етістік-баянауышпен ере жүреді:

His report is much spoken of.

Осындай сөйлемдер қазақ тіліне ідеттегідей аударылады, предлогтар жалғаулармен білдіріледі:

Your child will be looked after. Сіздің балағызға қарайды.

Such success has never been dreamedof. Бұндай табысты ешкім де күтпеген еді.

Егер ырықсыз етісте тура және жанама толықтауышты айнымалы етістік (мысалы: to give, to show, to send, to tell, to promise, to offer, etc.) болса, онда ағылшын тілінде екі қатар конструкция туындауы мүмкін: жай етістегі етістіктің тура толықтауышына сәйкес бастауышымен және жай етістегі етістіктің жанама толықтауышына сәйкес бастауышымен:

A good job was offered to him.

He was offered a good job.

| Жай етіс | Ырықсыз етіс | Аудармасы |
|--------------------|---------------------|---------------------|
| He gave me a book. | I was given a book. | Маған кітапберілді. |

| They offered her an interesting job. | She was offered an interesting job. | Оған қызық жұмыс ұсынылды. |
|--------------------------------------|--|-------------------------------|
| interesting job. | An interesting job was offered (to) her. | • |

Екінші және төртінші конструкцияларда жақщаға алынған to предлогы әдетте жанама толықтауышқа екпін түскен кезде қолданылады:

The book was given to me (but not to him or smb else).

Ағылшын тілінде ырықсыз етісте идиоматикалық тіркестер қатарына енетін етістіктер де - to take care of, to lose sight of, to put an end to, to make use of, to take notice of, to pay attention to, etc. қолданылады:

Great attention **has been paid** to this letter. Мына хатқа баса назар аударылды.

At last the ship was lost sight of. Әйтеуір кеме көзден таса болды-ау.

То be етістігі есімше ІІ-мен тіркескенде кейде әрекетті емес, күйді білдіргенді қолданылады. Бұл жағдайда тіркес күрделі баяндауыш (the Nominal Predicate) болады:

The trees were uprooted when we saw them in the morning.

Ырықсыз етісте етістіктен болған жай баяндауыштың есімше ІІ-сі бар күрделі аяндауыштан айыруға көмектесетін белгілі бір белгілері бар, әсіресе:

- 1) Әрекет етуші тұлға немесе затты білдіретін зат есінің сөйлемде болуы: This letter was translated **by my friend.**
- 2)Мекен, жиілік, уақыт пысықтауышының сөйлемде болуы: The book was published **in Moscow.**
- 3) To be eтiстiгiнiң **Continuous** немесе **Perfect** формасында қолданылуы: The letter **was being typed** when I came to the office.

19-сабақ. Шақтардың қиылысуы (Sequence of Tenses)

Шақтардың қиылысуы деп ағылшын тілінде бағыныңқы сөйлемдегі етістікбаяндауыш шағының басыңқы сөйлемдегі баяндауышқа тәуелді болуын айтады.

Шақтардың қиылысуы басыңқы сөйлемге тәуелді және құрамында өткен шақтағы баяндауышы бар толықтауыштық бағыныңқы сөйлемдерде сақталады.

Егер басыңқы сөйлемдегі баяндауыш осы немесе келер шақтың бір формасында тұрса, толықтауыштық бағыныңқы сөйлемде мағынасы бойынша сәйкес шақ кажет болады.

Егер басыңқы сөйлемдегі баяндауыш өткен шақтағы баяндауышпен берілсе, онда:

Басыңқы сөйлемдегі әрекетпен бір уақыттағы әрекетті білдіру үшін бағыныңқы сөйлемде Past Indefinite немесе Past Continuous қолданылады :

I was sure that you were here. Мен сіздің осы екеніңізге сенімді болдым.

I was sure that you were writing a letter. Мен сіздің хат жазып жатқаныңызға сенімді болдым.

Бағыныңқы сөйлемдегі алдыңғы болған әрекетті білдіру үшін Past Indefinite не Past Perfect Continuous қолданылады:

I was told that you had been there. Маған сіз сонда болғаныңызды айтты.

I was told that he **had been staying** at his aunt's at least for a week. Маған ол тәтесінің үйінде кемінде бір апта болғаны жайлы айтты.

Бағыныңқы сөйлемдегі келесі әрекетті білдіру үшін Future – in – the – Past шағы қолданылады:

I doubted that you **would be** here. Мен сіздің осында болатыныңызға күмандандым.

I was sure that you **would be packing** at six o'clock. Мен сіздің сағат алтыларда заттарыңызды сөмкеңізге салып жататыныңызға сенімді болдым.

I supposed that you **would have packed** by six. Сіз сағат алтыға қарай заттарыңызды сөмкеңізге салып боласыз деп ойладым.

Егер сөйлемде бірнеше толықтауыштық бағыныңқы сөйлемдер болса, шақтардың қиылысу ережесі осы сөйлемдердің әрбіреуінде сақталады:

My friend told me he **had heard**the previous week that the Drama Society **was** going to put on a new play and that it **would be shown** at the end of the season.

Егер толықтауыштық бағыныңқы сөйлемде бәріне белгілі бір шындық берілсе, шақтардың қиылысу ережесі сақталмайды:

Galileo proved that the Earth **moves** round the Sun.

Must (әрекеттің орындалу ықтималдығы мағынасында), should және ought етістіктерімбағыныңқы сөйлемде басыңқы сөйлемдегі баяндауыштың тұрған шағына тәуелсіз қолданыла береді:

I was sure that you **must** be here.

He said that you should (ought to) go there.

The old Professor told his assistant that he had informed the Dean that he would resign and that consequently he **must** replace him.

Егер бағыныңқы сөйлемдегі баяндауыш қарапайым немесе өзіндік әрекетті білдірсе, шақтардың қиылысу ережесін сақтау міндетті емес:

He said that his wife **drinks** coffee in the morning.

Шақтардың қиылысу ережесі анықтауыштық және пысықтауыштық сөйлемдерде сақталмайды.

Осы түрлі сөйлемдерде шақтардың қолданылуы уақыт жоспарларының нақты қатынасына байланысты:

I looked over my cabin, which **was** extremely comfortable. Mr. Fox, whom I **had met** in the morning, was in the cabin next to me.

Even the sailors, who are generally stolid enough, were deeply affected by his words.

2.Төлеу сөзге енгізетін әр түрлі коммуникативті типтегі етістіктер

То ask, to order, to tell сияқты етістіктермен қатар ағылшын тіліндегі басқа да көптеген етістіктер төлеу сөзді енгізу үшін қолданылады. Оларды коммуникация процесі кезіндегі мәліметтің мақсатына қарай типтерге бөлуге болады. Анағұрлым жалпы коммуникативті типтерге пайымдама, сұрақ, өтініш, бұйрық, лептеу жатады.

Бір типті етістіктер коммуникацияның анағұрлым тереңірек сипаттамасын бере алады, мәселен, пікір айтушы автордың жан –дүниесі, оның ниеті, сөйлеушінің айтылған пікірге деген ойы, қатынасы, сөздің мәнері мен дауыс қаттылығы, т.б.

Әр түрлі коммуникативті типті төлеу сөздің мысалдары мен сәйкес семантиканың етістіктері көмегімен олардың берілу жолдарын қарастырайық.

Пайымдау (Statements)

Жанама пайымдамалар сөйлемге көптеген етістіктер арқылы енеді. Олардың арасында мына етістіктер бар: to inform 'хабарлау', to think 'ойлау', to explain 'түсіндіру', to assure 'сендіру', to assert 'сендіру', 'нандыру', to point out 'нұсқау', 'сілтеу', to confess 'мойындау', to admit 'мойындау', to promise 'уәде беру', to suspect 'күдіктену', to boast 'мақтану', to claim 'талаптану', 'ұмтылу', to reply 'жауап беру', to warn 'ескерту', to swear 'ант ету', to murmur 'міңгірлеу', to announce 'жариялау', to declare 'жариялау', to notify 'хабардар ету', to agree 'келісу', to thank 'алғыс айту', to insist 'дегеніне көндіру', to protest'наразылық білдіру'.

- 1. "The table is laid," says Mother.
- 2. "Thank you, dear, for a most delicious dinner," says Father.
- 3. "I guess you are right," she said.
- 4. "Surely iyt's all a mistake," says he.
- 5. "Honestly I have no idea why he has come," she said.
- 6. "I expect you have been working too much," says the doctor.
- 7. "I'll stay if you want me to," he said.
- 8. "He is a very nice person," said he.

Mother informs us that the table is laid.

Father thanks Mother for a most delicious dinner.

She had to admit that her friend was right.

He insists that it's all a mistake.

She swore that she had no idea why he hadcome.

The doctor thinks that I have been working too much.

He promised that he would stay if I wanted him to.

He assured us that his friend was a very

9. "Look, you've missed out the nice person.

The teacher pointed out that the pupil had missed out the inverted commas.

Сұрақтар(Questions)

Төлеу сөз сұрақтарын енгізетін етістіктерге мыналар жатады: toask 'сұрау', toinquire 'сұрау', towonder 'қызығу', 'қызығушылық таныту', towanttoknow'білгісі келу', totrytofindout 'анықтау'.

"Where is the salt, please," Father asked where the salt was.

said Father.

"Is this yours or John's?" She inquires if this is mine or John's.

she says.

"What do I do next?" he He wondered what he should do next.

said.

"What topic did Professor She wanted to know what topic Professor

Brown bring up?" she asked. Brown had brought up.

"Has there been an accident?" She tried to find out whether there

she said. had been an accident.

Өтініштер мен бұйрықтар (Requests and Commands)

Төлеу сөздегі өтініштер мен бұйрықтар коммуникация сипаттамасын нақтылайтын алуан түрлі етістіктермен енгізіле алады: to ask 'өтіну', 'өтініп сұрау', to beg 'өтіну', to request 'өтіну', to ask permission 'рұқсат сұрау', to entreat 'жалыну', 'жалбарыну', to urge 'мәжбүрлеу', to tell 'айту', to demand 'талап ету', to warn 'ескерту', to refuse 'бас тарту', to forbid 'тыйым салу', т.б.

"Will you pass me your plate, please," She asked me to pass her my plate. she said.

"Could you please be quiet She begged them to be quiet for a moment.

for a moment," she said.

"Could you send me a copy of He requested me to send him a copy of my your book, please," he said.

He requested me to send him a copy of my book.

"Do play for us," they said. They urged her to play for them.

"All the students should be inoculated," The medical authorities demanded that all

the medical authorities said. the students should be inoculated. "Don't go near the lake," she said. She forbade them to go near the lake.

Лептеу (Exclamations)

Төлеу сөздегі лепті сөйлемдердің берілуінде дұрыс етістікті немесе етістікті тіркестің таңдалуы маңызды рөл ойнайды, өйткені айтылған пікірдің эмоциялық қысымы эмотивті етістік арқылы немесе эмотивті амал пысықтауышы бар етістікпен беріледі. Мәселен, to remark 'байқау', to greet

'сәлем беру', to cry out 'айқайлап жіберу', to say with a sigh'күрсініп айту', to regret 'өкіну', to be surprised 'таң қалу', to be astonished 'таң қалу', to exclaim with delight 'шаттана айқайлап жіберу'.

"What a lovely hat," she said.

She remarked that it was a lovely hat.

"Hello! How are you?" she said.

She greeted me and asked how I was.

"Ouch! My finger!"

She cried out that she hurt her finger.

"Oh, how very unfortunate!" she said.

She said with a sigh that it was very unfortunate.

"Sorry! There are no more tickets."

The management regretted (was sorry to say) that there were no tickets.

"Oh! She's gone," he said.

He was surprised to find that she had gone.

"Heavens! The plate is broken," she

She was astonished to find that the plate was

said.

broken.

"Oh, the dear little kitten!" the children cried.

The children exclaimed with delight that it was a dear little kitten.

20-сабак. Төлеу сөз (Reported Speech)

Төл сөздің мазмұны қосымша бағыныңқы сөйлеммен немесе инфинитивті тіркеспен беріледі. Егер сөйлем хабарлы болса, ол төлеу сөзде басыңқы сөйлемге that союзының көмегімен жалғанады:

Mary says, "I don't know his address."

Mary says **that** she doesn't know his address.

Төл сөзді төлеу сөзге аудару кезінде бастауыш өзгереді және оған сәйкес етістік-баяндауыштың формасы өзгереді.

Егер сөйлем сұраулы болса, онда төлеу сөзге аудару кезінде сөз тәртібі өзгереді: төлеу сөздегі сұраулы сөйлемде хабарлы сөйлемге тән сөз тәртібі қолданылады және мұнда арнайы сұрақ басыңқы сөйлемге шылаулы есімдіктер (what, who, how, when, etc.)немесе устеулердің, ал жалпы сұрақ if және wheather шылауларының көмегімен жалғанады:

My friend asks me, "Where are you going in summer?"

My friend asks me where I am going in summer. (Менің досым жазда қайда баратынымды сұрап жатыр.)

My friend asks me: "Do you read anything during your summer holiday?"

My friend asks me wheather I read something during my summer holiday. Менің досым жазғы демалысымда бір нәрсе оқимын ба екенін сұрады.

Бұйрық пен өтініш төлеу сөзде инфинитивті айналым арқылы беріледі: төл сөзде бұйрық райдағы етістік төлеу сөзде инфинитив формасына қойылады;

егер төл сөздегі қаратпа сөз төлеу сөзде «сөйлеу» етістігінің толықтауышына айналады:

The teacher says: "Mary, read Text 5. The teacher asks Mary to read Text 5.

Mother says: "Do not drink coffee in the evening." Mother tells me **not to drink coffee in the evening.**

Төлеу сөзге ендірме етістіктер ретінде жиі **to ask, to order, to tell**етістіктері қолданылады. **To say** етістігі сөйлемде мәлімет бағытталған тұлға жайлы сөз козғалмаса ғана қолданылады.

Егер «сөйлеушінің» бірінші сөйлемі өткен шақта (Present Indefinite) болса, онда төл сөзді төлеу сөзге аудару кезінде төл сөздің мазмұнын ашатын қосымша бағыныңқы сөйлемде осы шақтың бірде-бір сөзі қолданылмауы керек. Сондықтан, төл сөздегі етістік осы шақта (Present Indefinite) болса, онда төлеу сөзде (қосымша бағыныңқы сөйлемде) етістікті міндетті түрде өткен шақта (Past Indefinite) қолдану керек:

Peter said, "I go to the University three times a week."

Peter said that he **went** to the University three times a week.

Pete asked me, "Can you attend evening classes?" Pete asked me if I could attend evening classes.

Бірақ, **must** етістігі өзгерусіз қалады:

Pete said that I must attend evening classes.

Төл сөзді төлеу сөзге аудару кезінде, сөйлеушінің сөйлемі өткен шақта болса, бағыныңқы сөйлемде кейбір уақыт үстеулері және есімдіктер өзгереді.

Егер төл сөзде: төлеу сөзде қолданылады:

Yesterday the day before, on the previous day

Tomorrow the next day

Ago before

This (these) that (those)

Here there Now then

Last night the previous night

Today that day
Tonight that night

Төл сөзді төлеу сөзге аудару кезінде «сөйлеушінің» қолданған етістігі осы, өткен немесе келер щақта тұруы мүмкін. Осыған байланысты бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының формасы табылады. Егер басты сөйлемдегі етістік

осы немесе келер шақтың формасында тұрса, онда төлеу сөзде төл сөздің келер шағы сақталады. Мысалы:

Pete says, "Mother, I'll come home at 5 o'clock in the evening."

Pete says to his mother that he **will come** home at 5 o'clock in the evening.

Ал егер басты сөйлемдегі етістік өткен шақ формасында (Past Indefinite) тұрса, онда төл сөздің мазмұнын білдіретін бағыныңқы сөйлемде келер шақтың орнына келер шақтағы өткен шақ (the Future-in-the-Past Indefinite Tense) қолданылады. Future-in-the-Past should жекеше және көпше түрдегі 1-жақ үшін) жәнеwould **will** (жекеше және көпше түрдегі 2 және 3 жақ үшін) көмекші етістіктері және **to** частицасыз инфинтив түріндегі негізгі етістіктің көмегімен жасалады:

Pete said, "Mother, I'll come home early."

Pete said that he **would come** home early.

Jane asked me, "When will you take this book from the library?"

Jane asked me when I **should take** this book from the library.

Төлеу сөздегі Past Continuous және Past Perfect

Төл сөзді төлеу сөзге аудару барысында, төлеу сөзге бастаушы етістік өткен шақта тұрады. Төл сөздегі **Present Continuous**-тың орнына төлеу сөзде **Past Continuous**, ал төл сөздегі **Present Perfect** немесе **Past Indefinite**—тың орнына төлеу сөзде **Past Perfect** қолданылады:

Father said: "The weather is changing for the better."

Father said that the weather was changing for the better.

The writer said: "I've just finished my new novel."

The writer said that he **had** just **finished** my new novel.

The Dean asked me: "When did you leave school?"

The Dean asked me when I had left school.

Е с к е р т у. Тарихи фактілерді баяндағанда төл сөзде қолданылған **Past Indefinite,** төлеу сөзде ешқандай өзгеріссіз сақталады:

He said: "Peter I died in 1725."

He said that Peter I died in 1725.

Төлеу сөзде төл сөздің мазмұны көп жағдайда толықтауыштық бағыныңқы сөйлем арқылы берілетіні белгілі. Төл сөз хабарлы немесе сұраулы сөйлем арқылы берілгенде, мұндай әрқашан болады. Төл сөздегі бұйрық сөйлемді төлеу сөзге айналдырғанда, инфинитивті айналым қолданылады.

Солайша төлеу сөздің негізгі бірлігі толықтауыштық бағыныңқы сөйлем болғандықтан, төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда, міндетті түрде шақтардың қиылысу заңы сақталады. Егер төлеу сөзге енгізетін «сөйлеу» етістігі өткен шақтардың біреуінде келсе, онда:

- 1) төл сөздегі Present Indefinite, Present Continuous немесе Present Perfect Continuous орнына төлеу сөзде сәйкесінше Past Indefinite, Past Continuous немесе Past Perfect Continuous қолданылады;
- 2) төл сөздегі Past Indefinite немесе Present Perfect орнына төлеу сөзде Past Perfect қолданылады;
- 3) төл сөздегі Future Indefinite, Future Continuous немесе Future Perfect орнына Future-in-the-Past, Continuous, Perfect қолданылады.

Ескерту: Әрбір көрсетілген етістіктер тобы келер шағының өткен шақ формасы **shall**және **will** көмекші етістіктерінің сәйкесінше шақтағы **should**, **would** көмекші етістіктерімен алмастырылуы арқылы іске асады.

| | Indefinite | Continuous | Perfect |
|---------|----------------|----------------------|---------------|
| Future | I shall work. | I shall be working. | I shall have |
| | He will work. | He will be working. | worked. |
| | | | He will have |
| | | | worked. |
| Future- | I should work. | I should be working. | I should have |
| in-the- | He would work. | He would be working. | worked. |
| Past | | | He would have |
| | | | worked. |

Мысалдар:

Kate asked me: "**Do** you **know** my address?" – Kate asked me if I **knew** her address. They said to us: "We **shallgo** to the cinema with you." – They told us they **would go**

to the cinema with us.

Mother asked me: "**Have** you **had** your supper?" – Mother asked me if **had had** my supper.

Төлеу сөзді қолдануда шақтардың қиылысуы жайында айтылғандардың барлығы негізгі етіс шақтарына да, ырықсыз етіс шақтарына да бірдей катысты.

21-сабақ. Шартты сөйлемдер (Conditional Sentences)

Сабақтасқұрмалас шартты сөйлем **if, provided(that), unless, in case**, т.б. жалғайлықтармен байланысқан басыңқы және бағыныңқы сөйлемдерден тұрады. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі әрекеттің орындалуына мүмкіндік болатын шарттан құралады. If, provided (that) жалғаулықтары сөйлемге жағымды,unless - жағымсыз шарттар енгізсе, ал in case алдын-ала сақтандыруды енгізеді.

Бұл шарт шынайы және шынайы емес болуы мүмкін, және осы, өткен, келер шақтарға қатысты болуы мүмкін. Осы сипаттамаларға байланысты ағылшын тілінде үш типті сабақтас құрмалас шартты сөйлемдер қарастырылады.

Шартты сөйлемдердің бірінші түрі

Басыңқы сөйлемдегі іс-әрекет осы, өткен және келер шақтарға қатысты болса, ал бағыныңқы сөйлемде бұл әрекеттің орындалу шарты болады. Бағыныңқы сөйлемдегі шарт әбден іске асатындай көрінгендіктен, бұл типті сөйлем шынайы шартты сабақтас құрмалас сөйлем деп аталады.

Анағұрлым кең тараған сөйлемдерге келер шаққа қатысы бар сөйлемдер жатады. Басыңқы сөйлемдегі етістік – баяндауыш Future – in – the – Past шағында қолданылса, бағыныңқы сөйлем баяндауышы - Present Indefinite-те:

I **shall go** for a walk if (provided that) the rain **stops** (if/ provided that it stops raining).

Unless you eat sparingly, you will go fat.

In case it **begins**raining we'll take our raincoats.

Ескерту: Осы типтес шартты сөйлем төлеу сөзде қолданылса, басыңқы және бағыныңқы сөйлемдегі етістікті формалар шақтардың қиылысу ережесіне сай өзгереді.

If I go to the Crimea in summer, I shall probably fly. – He said that if he went to the Crimea in summer he would probably fly.

Осы немесе өткен шақтарға қатысты шынайы шарты бар шартты сөйлем ағылшын тілінде өте сирек кездеседі. Бұндай сөйлемдерде мағынасына қарай қажет болатын ашық райдың кез келген шақтары қолданылады:

If he is at home, heis getting ready for the trip.

If she **read** this article only yesterday, she **must know** what it is about.

Шартты сөйлемдердің екінші түрі

Басыңқы сөйлемдегі әрекет осы не келер шаққа қатысты болып, бірақ оның іске асуы күманды немесе шынайы емес болып көрінген жағдайда, шартты сөйлемдердің екінші түрі, яғни, шынайы емес шарт сөйлемі қолданылады. Басыңқы сөйлемнің баяндауышы **should** және **would** көмекші етістіктеріне to демеулік шылауынсыз мағыналық етістіктің инфинитиві қосылуы арқылы жасалатыншартты рай формасында болса, ал бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы Past Indefinite шағына омонимді шартты рай формасында болады:

If I saw him tomorrow, I should speak to him.

If you worked hard, you would catch up with the group (but you don't work hard enough).

То beeтicтiгi бұл жағдайда бағыныңқы сөйлемдешартты рай формасында қолданылады, яғни, **were** формасы барлық тұлғаларға жекеше және көпше түрлерде қолданыла береді.

If she were here, she would tell us everything.

Егер шынайы емес шарт тек келер шаққа ғана қатысты болса, бағыныңқы сөйлемде де **were to** + инфинитив тіркесі қолданыла алады.

If they were to leave us before the appointed time, they would inform us about it.

Ескерту: Осы типтес шынайы емес шарт сөйлемі төлеу сөзде қолданылғанда, етістік формасын өзгертпейді:

"If we **knew** more about the causes of this disease," said the doctor, "we **would** soon **find** a cure." – The doctor said that if we **knew** more about the causes of that disease, we **would** soon **find** a cure.

Шартты сөйлемдердің үшінші түрі

Шартты сөйлемдердің үшінші типінде белгілі бір жағдайларға байланысты мүмкін болатын әрекет орындалған жоқ, сондықтан сөйлеу сәтінде ол жүзеге аспаған болып қарастырылады. Осы типтес шартты сөйлемдерде басыңқы сөйлемнің етістік-баяндауышы **should** және **would** көмекші етістіктеріне Perfect Infinitive шағының қосылуы арқылы жасалатын шартты рай формасында қолданылады, ал бағыныңқы сөйлем баяндауышы Past Perfect шағына омонимді шартты рай формасында қолданылады:

He would have helped you if you had asked him to.

If you had leftearlier, you would have caught the train.

Үшінші типті шартты сөйлемдерді аударудың екінші типті сөйлемдерді аударудан еш айырмашылығы жоқ, өйткені шартты рай сөйлемдерін қазақ тіліне аударғанда қолданылатын өткен шақ формасындағы жалғыз етістік бар, ол «еді» етістігі. Еді етістігі осы немесе келер шаққа, соған қоса өткен шаққа қатысты шартты сөйлемдерде қолданылады. Мысалы:

He would help you if you asked him to. Егер сіз одан өтінсеңіз, ол сізге көмектесер еді.

He would have helped you if you had asked him to. Егер сіз одан өтінсеңіз, ол сізге көмектесер еді (Егер сіз одан өтінгенде, ол сізге көмектесер еді.)

Қазақ тілінің берілген шартты сөйлемі ағылшын тілінің екінші немесе үшінші типті шартты сөйлемдеріне сәйкес келетінін анықтау үшін ондағы айтылатын болжамның қай шаққа қатысты екенін білу қажет. Егер қазақ тілінің шартты райдағы етістігі бар шартты сөйлемдеріне осы немесе келер шаққа қатыстыы болса, онда бұл сөйлем ағылшын тілінің екінші типті шартты сөйлеміне сай келеді. Егер де қазақ тілінің шартты сөйлемі өткен шаққа қатысты болса, онда ол үшінші типті шартты сөйлемдеріне сай келеді. Осы типтес шартты сөйлемдер (яғни, өткендегі іске аспаған әрекетті білдіретін) төлеу сөзде еш өзгеріссіз сақтылады:

He assured me that he would have helped you if you had asked him to.

Сіз одан өтінгенде(Егер сіз одан өтінсеңіз), ол сізге көмектесер едім деп мені сендірді.

Екінші және үшінші типті шартты сөйлемдердің басыңқы сөйлемінде might және could модальды етістіктері де қолданыла алады. Олар өздерінің модальды мәндерін сақтап қалады:

If you went to the country on a frosty morning, you **might see** trees covered with hoar-frost.

She **could have sung** better if she had not been so nervous.

Етістікті формалардың шартты райда қолданылу кестесі

| 1 1 1 1 | 1 1 1 | √ |
|----------------------|------------------------|----------------------------|
| Сөйлем түрлері | Басыңқы сөйлем | Бағыныңқы сөйлем |
| Шынайы шартты | He will do the work | if has time. |
| сабақтас құрмалас | | |
| сөйлем | | |
| Осы және келер | He would do the work | if he had time. |
| шақтағы шынайы емес | | |
| шартты сабақтас | | |
| құрмалас сөйлем | | |
| Өткен шақтағы шынайы | He would have done the | if he had had time. |
| емес шартты сабақтас | work | |
| құрмалас сөйлем | | |

2. Шартты жалғаулықсыз сөйлемдер

Егер бағыныңқы сөйлемде had, were, could және should етістікті формалары болса, екінші және үшінші типті шартты сөйлемдерде іf жалғаулығы түсірілуі мүмкін. басыңқы және бағыныңқы сөйлемдердің жалғаулықсыз байланысында бұл етістіктер бағыныңқы сөйлемнің бастауышы алдына қойылады:

Should you see John, ask him to ring me up.

Were he to live in Moskow, we might see him more often.

Бекітуге арналған жаттығулар.

1-сабақ. То be және to have етістіктері

1-жаттығу. То be eтiстiгiн Present Simple-де қолданып, ағылшын тiлiне аударыңыз.

1. Атың кім? — Менің атым Айнаш. 2. Мекен-жайың қандай? — Менің мекенжайым: Оксфорд көшесі, 45 үй. 3. Қай жердің тумасысын? — Мен Лондоннан боламын. 4. Бұл кім (... суреттегі) — Менің әкем. 5. Оның аты кім? — Оның аты Джон. 6. Ол қайда? — Ол Лондонда. 7. Мен Ленамын, ал бұл Коля. Ол менің ағам. Ол 10 жаста, ал мен 12-демін. Біз Петербургтан келдік. 8. Мен оқушымын. Мен мектептемін. 9. Менің ағам — суретші. Ол инженер емес. 10. Менің апам жұмыста. Ол дәрігер. 11. Ол студент. 12. Сіз студентсіз бе? — Жоқ, мен дәрігермін. 13. Менің апам үйде. 14. Біз мектепте емеспіз. 15. Менің ағам — оқушы. Ол мектепте. 16. Сіздің анаңыз үйде ме? — Жоқ, ол жумыста. 17. Сіздің бөлеңіз үйде ме? — Жоқ, ол мектепте. Ол оқушы. 18. Сіздің апаңыз ұстаз ба? —

Жоқ, ол студент. 19. Сенің әкең жұмыста ма? – Жоқ, ол үйде. 20. Сенің әпкең – машинист пе? – Иә. – Ол үйде ме? – Жоқ, ол жұмыста. 21. Менің атам – ғалым. 22. Менің анам мұғалім емес. Ол – дәрігер.

2-жаттығу. То be eтiстiгiн Present Simple-де қолданып, ағылшын тiлiне аударыңыз.

1. Менің атым Катя. 2. Мен 14 жастамын. 3. Мен орыспын. 4. Мен оқушымын. 5. Менің сүйетін спорт түрі – теннис. 6. Мен музыкаға әуеспін. 7. Менің ұнататын пәнім – ағылшын тілі. 8. Менің әкем – бағдарламашы. Ол политикамен қызықпайды. 9. Менің анам – тіс дәрігері. Ол өнерге жақын. 10. Біздің қолымыз эрдайым бос емес, бірақ біз бірге болуымызға өте қуаныштымыз. 11. Бұл кімнің қаламы? – Бұл менің қаламым. 12. Бұл кімнің кітабы? – Бұл сіздің кітабыңыз. 13. Бұл кімнің үстелі? – Бұл менің ағамның үстелі. 14. Бұл кімнің сөмкесі? – Бұл анамның сөмкесі. 15. Бұл кімнің қарандашы? – Бұл апамның қарандашы. 16. Бұл дәптер сенікі ме? – Иә. 17. Бұл сенің ағаңның дәптері ме? – Жоқ, бұл менің дәптерім. 18. Сіздің үстеліңіз қайда? – Ол бөлменің ортасында. 19. Сенің қаламың қайда? – Ол менің қалтамда. 20. Сенің дәптерің қайда? – Ол устелдің устінде. 21. Сенің анаң қайда? - Ол жұмыста. 22. Сенің ағаң қайда? - Ол мектепте. 23. Сенің апаң қайда? – Ол үйде. 24. Бұл қарандаш кімдікі? – Бұл менің қарындашым. – Ал менің қарындашым қайда? – Ол үстелдің үстінде. 25. Бұл кімнің сағаты? – Бұл менің сағатым. – Ал менің сағатым қайда? – Ол устелдің устінде.

3-жаттығу. То be eтiстiгiн Present Simple немесе Past Simple-де қолданып, ағылшын тiлiне аударыңыз.

1. Ауа-райы керемет болды. Күн жылы және шуақты болды. Менің балаларым мектепте, ал күйеуім жұмыста болды. Мен бақшада болдым. Ол жерде әдемі гүлдер көп болды. Бұл мамырда болды. 2. Мен оқушымын. 3. Ол ұшқыш. 4. Ол дәрігер. 5. Біз оқушымыз. 6. Сендер жұмысшысындар. 7. Сен жұмысшысын. 8. Олар оқушылар. 9. Мен үйдемін. 10. Ол мектепте. 11. Ол кинода ма? 12. Біз саябақтамыз. 13. Олар театрда ма? 14. Ол жас па? 15. Ол кәрі. 16. Ол кәрі емес. 17. Олардың күші көп. 18. Ол науқас адам. 19. Сіз науқассыз ба? 20. Ол науқас па? 21. Мен ауру емеспін. 22. Мен кеше ауырдым. 23. Ол ауру болған жоқ. 24. Біз кинода болдық.

2-сабақ. Сөйлем түрлері

4-жаттығу. It's конструкциясын қолданып сөйлемдерді ағылышн тіліне аударыңыз.

- 1. Жұмыс істейтін кез келді.
- 2.Бұл жерде жүзетін жасы кез туды.

- 3.Бұл шынымен де жақсы хабар.
- 4.Бұл базарда көкеніс сатып алу шынымен де қымбат.
- 5. Бұны дәл қазір жасау керек.
- 6.Пушкин көшесіне дейін жаяу жүру шынымен де өте алыс.

5-жаттығу. Төмендегі атаулы сөйлемдердің болымсыз түрлерін жазыңыз.

It was a good holiday.

It was a very cold day yesterday.

It is necessary to send it urgently.

It is a convenient train.

It was difficult to recognize him at once.

It was interesting to read this article.

It is exciting to climb in the mountains.

It was an important experiment.

6-жаттығу.

Үлгі бойынша атаулы сөйлемдерді құрастырып қазақ тіліне аударыңыз. Үлгі: It is useless to : - It is useless to learn rules without examples — Ережені мысалсыз жаттау пайдасыз.

It's difficult for him to...

It's not interesting to...

It's important to...

It's wonderful to...

It's not serious to...

